

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ МӘЖІЛІСІНІҢ ЖАЛПЫ ОТЫРЫСЫ

2022 жылғы 25 мамыр

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Е.Ж. ҚОШАНОВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті әріптестер! Құрметті депутаттар, баршаңызды тіркеуден өтулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 98. Жұмысымызды бастау үшін қажетті кворум бар. Мәжілістің жалпы отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті депутаттар, күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 99, «жақтағандар» – 99. Күн тәртібі бекітілді.

Енді күн тәртібіндегі мәселелерді қарауға көшеміз.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі алғашқы екі мәселе бір-бірімен байланысты. Сондықтан осы заң жобалары бойынша әдеттегідей бір баяндама жасап, олар бойынша қаулыны жеке-жеке дауыс беру арқылы қабылдауды ұсынамын. Қолдайсыздар ғой?

ОРНЫНАН. Қолдаймыз.

ТӨРАҒА. Олай болса, «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобалары бойынша қорытынды әзірлеу жөнінде. Осы мәселелер бойынша сөз Қаржы және бюджет комитетінің төрағасы депутат Құсайынов Марат Әпсметұлына беріледі.

ҚҰСАЙЫНОВ М.Ә. Рақмет.

Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті әріптестер! Аталған заң жобалары Мәжіліске Парламент депутаттарының бастамашылығымен 2022 жылғы 23 мамырда енгізілді.

Заң жобалары кірістерді жылыстатуға және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимылдың ұлттық жүйесін жақсарту, сондай-ақ Ақшаны жылыстатуға қарсы күрестің қаржылық шараларын әзірлеу тобының (ФАТФ) халықаралық стандарттарын іске асыру мақсатында әзірленген.

Қаржы және бюджет комитеті заң жобалары бойынша 2022 жылдың 30 желтоқсанына дейін қорытынды әзірлеуге дайын.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Марат Әпсәметұлына сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда алдымен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» негізгі Заң жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөніндегі қаулының жобасы бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 99, «жақтағандар» – 99. Қаулы қабылданды.

Келесі кезекте «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ілесіп Заң жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөніндегі қаулының жобасы дауысқа қойылады. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 99, «жақтағандар» – 99. Қаулы қабылданды.

Әріптестер, күн тәртібіндегі келесі екі мәселе бойынша да ортақ баяндама жасауды және олар бойынша қаулыны жеке-жеке дауыс беру арқылы қабылдауды ұсынамын. Қарсылықтарыңыз жоқ қой?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Онда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылау мен қадағалауды күшейту және қаржылық (инвестициялық) пирамидалардың қызметіне қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы», «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне қаржылық (инвестициялық) пирамидалардың қызметіне қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша толықтыру енгізу туралы» заң жобалары бойынша қорытынды әзірлеу жөнінде. Осы екі мәселе бойынша да сөз депутат Құсайынов Марат Әпсәметұлына беріледі.

ҚҰСАЙЫНОВ М.Ә. Рақмет.

Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті әріптестер! Аталған заң жобалары Қазақстан Республикасы Парламенті депутаттарының бастамашылығымен Мемлекет басшысының қаржы пирамидаларына қарсы іс-қимыл жөніндегі тапсырмаларын іске асыру мақсатында әзірленді.

Заң жобаларының негізгі мақсаттары азаматтардың мүлкінің қорғалуын арттыру және қаржылық пирамиданың бастапқы сатысындағы қызметінің жолын кесу болып табылады.

Қаржы және бюджет комитеті заң жобалары бойынша 2022 жылдың 16 қарашасына дейін қорытынды әзірлеуге дайын.

Қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Әріптестер, онда алдымен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қаржы нарығы мен қаржы ұйымдарын мемлекеттік реттеуді, бақылау мен қадағалауды күшейту және қаржылық (инвестициялық) пирамидалардың қызметіне қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» негізгі Заң жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөніндегі қаулының жобасына дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 98, «жақтағандар» – 98. Қаулы қабылданды.

Енді «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне қаржылық (инвестициялық) пирамидалардың қызметіне қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша толықтыру енгізу туралы» ілеспе Заң жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөніндегі қаулының жобасы дауысқа қойылады. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 98, «жақтағандар» – 98. Қаулы қабылданды.

Келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне жерлердің пайдаланылуы мен қорғалуын мемлекеттік бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөнінде. Сөз Аграрлық мәселелер комитетінің төрағасы депутат Барлыбаев Ерлан Хайланұлына беріледі.

БАРЛЫБАЕВ Е.Х. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне жерлердің пайдаланылуы мен қорғалуын мемлекеттік бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жер қатынастарын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының 2021 жылғы 30 маусымдағы Заңының ережелерін іске асыру үшін әзірленді.

Атап айтқанда, осы заң жобасында жердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыру жөніндегі функцияларды жергілікті атқарушы органдардың құзыретінен Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің құзыретіне беру көзделген.

Осыған байланысты Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне жердің пайдаланылуы мен қорғалуына мемлекеттік бақылауды жүзеге асыратын органдарға әкімшілік істерді қарау және тиісті жаза қолдану жөнінде өкілеттіктер беру бөлігінде өзгерістер енгізу талап етіледі.

Аграрлық мәселелер комитеті аталған заң жобасын жұмысқа алуға және ол бойынша қорытынды әзірлеуге дайын.

Қаулының жобасы сіздерде бар. Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Әріптестер, сұрақтарыңыз болмаса, онда осы қаулының жобасына дауыс берейік.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 99, «жақтағандар» – 99.

Қаулы қабылданды.

Келесі мәселе – «Қазақстан Республикасы мен Түрікменстан арасындағы Каспий теңізіндегі Қазақстан-Түрікменстан мемлекеттік шекарасын межелеу және балық аулау аймақтарының шектес учаскелерін бөлу туралы шартты ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөнінде. Сөз Халықаралық істер, қорғаныс және қауіпсіздік комитетінің төрайымы депутат Құспан Айгүл Сайфоллақызына беріледі.

ҚҰСПАН А.С. Рақмет.

Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті әріптестер! Бұл шартқа 2021 жылғы 25 қазанда Мемлекет басшысының Түрікменстанға ресми сапары аясында Ашхабадта қол қойылды.

Шарттың басты мақсаты Қазақстан мен Түрікменстан арасында Каспий теңізіндегі мемлекеттік шекара сызықтарының өтуін және балық аулау аймақтарының шектес учаскелерін айқындау болып табылады.

Комитет осы заң жобасын жұмысқа қабылдап, тиісті қорытынды әзірлеуге дайын.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 99, «жақтағандар» – 99.

Қаулы қабылданды.

Келесі мәселе – «Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің аумағында ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштері мен құралдары құралымдарының уақытша болуына байланысты істер бойынша құқықтық көмек көрсету және юрисдикция мәселелері жөніндегі келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөнінде. Сөз депутат Құспан Айгүл Сайфоллақызына беріледі.

ҚҰСПАН А.С. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті әріптестер! Бұл келісімге 2021 жылғы 16 қыркүйекте Душанбе қаласында қол қойылды.

Келісім Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттердің аумағында ұжымдық қауіпсіздік жүйесінің күштері мен құралдары құралымдарының уақытша болуына байланысты істер бойынша юрисдикция және құқықтық көмек көрсету мәселелері бойынша ынтымақтастықтың тетігін құруға бағытталған.

Комитет осы заң жобасын жұмысқа алуға және ол бойынша 2022 жылдың 14 желтоқсанына дейінгі мерзімде қорытынды әзірлеуге дайын.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 99, «жақтағандар» – 99. Қаулы қабылданды.

Келесі мәселе – «Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының әскерлерін (Ұжымдық күштерін) бірлескен материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз ету туралы келісімді ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөнінде. Бұл мәселе бойынша да сөз депутат Құспан Айгүл Сайфоллақызына беріледі.

ҚҰСПАН А.С. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті әріптестер! Бұл келісімге 2021 жылғы 16 қыркүйекте Душанбе қаласында қол қойылды.

Келісімді ратификациялау Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымы әскерлерінің (Ұжымдық күштерінің) топтарын бірлескен материалдық-техникалық және медициналық қамтамасыз етуді ұйымдастыру кезінде тараптардың өзара іс-қимыл жасау мәселелерін реттеуге мүмкіндік береді.

Комитет осы заң жобасын жұмысқа алуға және ол бойынша 2022 жылдың 14 желтоқсанына дейінгі мерзімде қорытынды әзірлеуге дайын.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Қаулының жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз болмаса, осы қаулының жобасына дауыс берейік.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 98, «жақтағандар» – 98. Қаулы қабылданды.

Келесі мәселе – «2007 жылғы 6 қазандағы Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының бітімгершілік қызметі туралы келісімге өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы бойынша қорытынды әзірлеу жөнінде. Сөз депутат Құспан Айгүл Сайфоллақызына беріледі.

ҚҰСПАН А.С. Рақмет.

Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті әріптестер! Бұл хаттамаға 2021 жылғы 16 қыркүйекте Душанбе қаласында қол қойылды.

Хаттаманы ратификациялау Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымына мүше мемлекеттер бітімгершілік күштері бөлімшелерінің Біріккен Ұлттар Ұйымы аясындағы бітімгершілік операцияларға қатысуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ хаттамамен Біріккен Ұлттар Ұйымының бейбітшілікті сақтау жөніндегі операциясына Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының ұжымдық бітімгершілік күштерін қолданудың ұйымдастыру мәселелерін шешу үшін «үйлестіруші мемлекет» деген ұғым енгізіледі.

Комитет осы заң жобасын жұмысқа алуға және ол бойынша 2022 жылдың 14 желтоқсанына дейінгі мерзімде қорытынды әзірлеуге дайын.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Әріптестер, қаулының жобасы бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 99, «жақтағандар» – 99. Қаулы қабылданды.

Қорытынды әзірлеу бойынша мәселелер аяқталды, енді негізгі мәселелерге көшейік.

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексі (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым). Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрі Қуантыров Әлібек Сәкенұлына беріледі.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға Салық кодексіне өзгерістер мен толықтырулар енгізу жөніндегі заң жобасы ұсынылып отыр.

Жоба Мемлекет басшысының тапсырмаларын орындау және салық салу мәселелері бойынша Үкіметтің өзекті міндеттерін шешу үшін әзірленді.

Бірінші міндет – табиғи ресурстарды өндіруден түсетін кірісті күшейту.

Қатты пайдалы қазбалар бағасының динамикасы талданды. Мәселен, 2018 – 2022 жылдар кезеңінде биржалық металдар бағасы 40 пайыздан жоғары өсім көрсетті, биржадан тыс пайдалы қазбалар (темір кені, хром кені, марганец және тағы басқа) орта есеппен 20 пайыздан 40 пайызға дейін өсті.

Осыны ескере отырып, биржалық металдар бойынша пайдалы қазбаларды өндіру салығының (ПҚӨС) мөлшерлемелерін 50 пайызға, ал қалған қатты пайдалы қазбалар бойынша 30 пайызға ұлғайту ұсынылады.

Салық жүктемесін ұлғайтумен қатар, геологиялық барлауды және жаңа кен орындарын ашу ынталандыру бойынша шаралар ұсынылады.

Халықаралық тәжірибені ескере отырып, рентабельділік деңгейі 15 пайызға (IRR) жеткенге дейін барлау және өндіру 2023 жылғы 1 қаңтардан кейін басталатын жаңа кен орындары бойынша пайдалы қазбаларды өндіру салығынан босату ұсынылады.

Келесі міндет – капиталды елден шығармауды ынталандыру.

Қазіргі уақытта белгілі бір шарттарды сақтаған кезде дивидендтерді салық салудан босату көзделген.

10 пайыз мөлшерлемесін белгілей отырып, дивидендтерді салық салудан босату бойынша жеңілдіктерді алып тастау ұсынылады.

Сонымен қатар салық практикасы өзара байланысты тұлғаларға материалдық емес қызметтер үшін төлем түрінде ақшаны шетелге шығару жағдайлары бар екенін көрсетіп отыр.

Осыған байланысты бейрезидент – үлестес тұлғалар көрсеткен материалдық емес қызметтер бойынша шегерімдерді қолдануды салық салынатын кірістің 3 пайызынан аспайтын мөлшерде шектеу ұсынылады.

Келесі ұсынылып отырған өзгеріс – цифрлық майнингке салық салуды күшейту.

Ағымдағы жылдың басынан бастап тұтынылған электр энергиясының 1 киловатт-сағатына 1 теңге мөлшерінде цифрлық майнинг үшін төлем енгізілді.

Электр энергиясының құны бойынша жүктемені теңестіру, сондай-ақ отандық электр энергиясын пайдаланбауды ынталандыру үшін сараланған мөлшерлемелер ұсынылады, яғни электр энергиясының құны неғұрлым төмен болса, төлем мөлшерлемесі соғұрлым жоғары болады.

Бұл ретте қайта қалпына келетін көздерден өзі өндірген электр энергиясы үшін қолданыстағы деңгейде төмендетілген мөлшерлемелер көзделген.

Келесі өзгеріс – темекі өнімдеріне салық салу. Өздеріңіз білетіндей, Еуразиялық экономикалық одақ шеңберінде темекі өнімдеріне арналған акциздердің мөлшерлемелерін үйлестіру (жақындастыру) жөніндегі міндеттемелер қабылданды.

2024 жылы темекіге акциз мөлшерлемесі кемінде 28 евро деңгейінде белгіленуі тиіс.

Міндеттемелерді орындау үшін темекіге акциздер мөлшерлемесін кезең-кезеңімен арттыру ұсынылады.

Сонымен қатар темекі өнімдерінің басқа түрлері бойынша, оның ішінде қыздырылатын темекісі бар өнімдерге акциздерді кезең-кезеңімен ұлғайту ұсынылады.

Өздеріңізге белгілі, Мемлекет басшысы қаңтар айындағы оқиғалар кезінде келтірілген залалды өтеу бойынша бизнеске жәрдем көрсету туралы тапсырма берді. Аталған жұмыс барысында салық салу мәселелері туындайды. Сондықтан алынған өтеу сомасы бойынша кәсіпкерлерде салық міндеттемесі туындауын болдырмау мақсатында осы мәселені реттеу бойынша нормалар ұсынылады.

Интернетке қолжетімділікті кеңейту үшін жаңа технологиялар көбірек қолданылуда, соның бірі – геостационарлық емес спутниктік байланыс жүйелері.

Салық кодексінде осындай байланыс түрі үшін бір айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде төлем мөлшерлемесін белгілеу ұсынылады.

Өздеріңіз білетіндей, Еуразиялық экономикалық одақ аумағынан жекелеген тауарларды (этил спирті, коньяк, арақ) импорттау кезінде бағаның ең төменгі деңгейі қолданылады.

Норма әкелінетін тауарлардың құнын төмендету фактілерінің алдын алу үшін қабылданды.

Үшінші елдерден импортталатын тауарларға да аталған құралды қолдану ұсынылады.

Салықтық әкімшілендіру шеңберінде қосылған құн салығы бойынша, сондай-ақ мүлктік табыс бойынша декларацияларды тапсыру бөлігінде нақтылаушы нормалар ұсынылады.

Негізгі өзгерістер осындай.

Назарларыңызға рақмет. Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет. Баяндама аяқталды.

Енді, құрметті әріптестер, сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Депутат Бейсенбаев Елнұр Сабыржанұлы.

БЕЙСЕНБАЕВ Е.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Менің сұрағым министр мырзаға.

Құрметті Әлібек Сәкенұлы! Сіз жаңа өз сөзіңізде жақсы айттыңыз, осы заң жобасы шеңберінде 2023 жылдың 1 қаңтарынан бастап цифрлық майнинг үшін электр энергиясына төлемақының мөлшерлемелеріне сараланған тәсілді қолдану енгізіліп отыр деп. Ол жерде, яғни электр энергиясының құны неғұрлым төмен болатын болса, цифрлық майнинг үшін төлемақы мөлшерлемесі соғұрлым жоғары болады. Бұл электр энергиясының құны әртүрлі болып табылатын әр өңірде майнинг шығындарының дифференциациялануы үшін қолданып отыр. Бұл тәсілді қолдануда көптеген майнингтік фермалардың бір жерде, мысалы, арзан электр қуаты бар жерлерде шоғырлануына байланысты тәуекелдер бар деп есептейміз. Бұл өз кезегінде жергілікті кәсіпорындар мен халыққа электр энергиясының жетіспеушілік проблемасына алып келу мүмкіндігі бар.

Осыған байланысты цифрлық майнинг үшін төлемақы мөлшерлемелері қанша деңгейде өседі? Сонымен қатар осындай сараланған тәсілге көшуге байланысты мұндай әлеуметтік тәуекелдер бойынша талдау жүргізілді ме? Рақмет.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Сұрағыңызға рақмет, құрметті Елнұр Сабыржанұлы.

Осы мәселе жан-жақты қарастырылды. Біз цифрлық майнингке төлемдерді 1 киловатт-сағатына 1 теңгеден 10 теңгеге дейін ұлғайтуды ұсынғанбыз. Осы мәселе бизнес қауымдастығымен және тиісті ассоциациялармен талқыланып, оны дифференциациялау бойынша шешім қабылданды. Себебі қазіргі таңда біздің майнерлер төмен салық төлеуде. Ағымдағы жылдың көрсеткіші бойынша Қазақстан криптовалюта өндірісінде Қытайдан кейін екінші орында, яғни үлесіміз 18 пайыз болған. Энергия балансының бұзылуына байланысты Қытай майнингке қарсы күрес бастағаннан кейін майнерлер Қазақстанға келе бастады.

Сіздің көтеріп отырған мәселеңіз өте өзекті. Оларға салынатын салық энергия құнына байланысты болады. Олар үшін енді ешқандай айырмашылық жоқ. Энергия қымбат болса, олар төмен бағамен төлейді, ал энергия арзан болса, олар жоғары бағамен төлейді. Сондықтан олар үшін айырмашылық жоқ. Мысалы, ГРЭС-тің қасына фермаларын орналастырса да одан айырмашылық болмайды.

Салық бойынша басқа да кешенді шаралар қабылданып жатыр, мысалы, Энергетика министрлігі құзыреті шеңберінде лицензиялайды. Осындай компаниялардың, майнерлердің энергияда бөлек үлесі болады. Оның арнайы тетігі қалыптастырылуда. Біздің энергия балансымызды қалыпқа келтіру үшін осындай кешенді шаралар қабылданып жатыр. Себебі майнерлердің келгеніне дейін Қазақстанда энергия профициті болған, олар келгеннен кейін энергия тапшылығы пайда болды. Энергия балансын қалыпына келтіру үшін осындай шаралар қабылдануда. Жалпы айтқанда, энергия өндіретін зауыттарда ондай компанияларды немесе фермаларды орналастыруда ешқандай

артықшылық болмайды. Сондықтан осы норма, Үкіметтің пікірінше, жақсы әсер етеді. Рақмет.

БЕЙСЕНБАЕВ Е.С. Жалпы, Қазақстан бойынша теңестіре ме?

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Әрине, теңестіреді.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Депутат Унжакова Ирина Сергеевна.

УНЖАКОВА И.С. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Уважаемый Алибек Сакенович! Вы в начале своего доклада сказали о том, что одной из целей этого законопроекта является обеспечение получения дополнительных доходов в бюджет от горнорудного сектора, в частности, за счет повышения ставок налога на добычу полезных ископаемых: для биржевых в 1,5 раза, для небиржевых – в 1,3 раза.

Также Вы отметили, что для новых месторождений, которые будут разрабатываться, будет определен льготный период.

Вместе с тем меня беспокоят низкорентабельные месторождения. На мой взгляд, такое существенное повышение НДС может привести к остановке добычи на низкорентабельных месторождениях.

В связи с этим поясните, пожалуйста, планируется ли ввести иной порядок исчисления действующих или обновленных ставок НДС для низкорентабельных месторождений? Мне думается, что в порыве повышения доходной части бюджета мы можем вымостить себе дорогу к определенной очаговой социальной напряженности, например, в сфере занятости? Спасибо.

ҚУАНТЫРОВ А.С. Спасибо.

Уважаемый Ерлан Жаканович! Уважаемая Ирина Сергеевна! Этот вопрос рассматривался тщательно с представителями бизнес-сообщества, крупными ГМК. Мы решили пойти дифференцированным путем. Были рассмотрены все месторождения, предложения от крупных и средних ГМК.

Мы по месторождениям видим, в зависимости от какой налоговой нагрузки будет рентабельность месторождения. Да, понятно, что некоторые месторождения могут уйти в минус, а богатые месторождения, у которых хорошая концентрация полезных руд, могут и при более существенном повышении налога быть рентабельными. Поэтому были определены такие ставки. Более того, они были определены с привязкой к ценам на биржевые и небиржевые товары за последние четыре-пять лет.

По низкорентабельным месторождениям данный подход определяется Правительством. Это компетенция Правительства. Мы будем дополнительно обсуждать и увеличивать ставку низкорентабельности, которая сейчас составляет 0 процентов. Мы обсуждаем, чтобы сделать градацию, то есть 1-3, 3-5 и так далее. Соответственно, эти решения будут приниматься на уровне подзаконных актов.

Более того, мы упрощаем данную процедуру. Если сейчас недропользователь направляет заявку, которая рассматривается и по которой решение принимается на уровне Правительства, причем все это занимает определенное время, то это будет носить уведомительный характер. Недропользователь самолично будет принимать решение по определению низкорентабельности своего месторождения и направлять соответствующее уведомление в Комитет государственных доходов Министерства финансов и Министерство национальной экономики. При этом Комитет государственных доходов будет контролировать и имеет право в любой момент проверить такую заявку.

Нами планируется облегчить данную процедуру для компаний-недропользователей, в том числе будет намного легче и для государственных органов государственных доходов. В целом это облегчит налоговое администрирование. Спасибо.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Депутат Амирханян Аветик Рубенович.

АМИРХАНЯН А.Р. Рақмет, ұважаемый Ерлан Жаканович.

Уважаемый Алибек Сакенович! Мой вопрос связан с уплатой налога на добавленную стоимость на импортируемые товары методом зачета.

В данном законопроекте для налогоплательщика, который платит налог на добавленную стоимость методом зачета, в случае выявления нарушения срок уплаты налога с начислением пени предлагается изменить до пяти лет. Хотя в действующей статье 427 Налогового кодекса для данных целей периодом определен срок исковой давности в три года.

Согласно вашему пояснению в сравнительной таблице срок увеличивается в целях единообразного применения со сроками, установленными в Таможенном кодексе. В Таможенном кодексе срок исковой давности – пять лет.

В этой связи, Алибек Сакенович, а также учитывая, что вопрос срока исковой давности достаточно болезненный для бизнеса, не целесообразно ли изменить срок в Таможенном кодексе, нежели в Налоговом кодексе?

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Спасибо.

Уважаемый Ерлан Жаканович! Уважаемый Аветик Рубенович! Вы правильно отметили, в Таможенном кодексе этот срок составляет пять лет. Целевое использование ввезенного товара, по которому был произведен метод зачета НДС, – это все-таки больше вопрос таможенного контроля, не налогового, потому что импортные товары, ввозимые для определенной цели, дают существенную льготу бизнесу. Бюджет недополучает, у нас есть условные потери: в 2019 – 2020 годах было примерно 40-50 миллиардов тенге, в 2021 году – уже выше 100 миллиардов тенге. То есть бюджет недополучает, соответственно, даются весьма хорошие льготы.

Так как это вопрос больше все-таки таможенного администрирования и контроля за использованием импортных товаров, которые должны использоваться именно для производственных целей, заявленных при ввозе, соответственно, налоговый учет подводится к таможенному учету. Это сделано в целях как раз таки правильного

администрирования и достижения соответствующих целей для диверсификации экономики и развития тех производств, в которые импортировались данные товары. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Кучинская Юлия Владимировна.

КУЧИНСКАЯ Ю.В. Большое спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Мой вопрос адресован представителю Министерства финансов.

В рамках данного законопроекта предлагается вернуть отмененную в 2020 году норму об обязательстве физических лиц представлять форму 240 налоговой отчетности. Это касается тех, кто имеет по состоянию на 31 декабря отчетного периода деньги на банковских счетах в иностранных банках, находящихся за пределами страны, в сумме, превышающей 1000-кратный МРП.

Согласно вашему обоснованию в сравнительной таблице к проекту норма вводится в рамках борьбы с выводом капитала. Вместе с тем информацию о таких счетах в иностранных банках сегодня вы можете получить в рамках международного обмена информацией.

Кроме этого, с 2025 года все физические лица начнут участвовать во всеобщем декларировании и будут сдавать декларацию о доходах, расходах и имуществе, в том числе по доходам, полученным за пределами страны. Соответственно, форма 240 потеряет свою актуальность и должна утратить силу.

В этой связи поясните, зачем сейчас возвращать временную норму, ведь, еще раз повторю, сегодня у вас есть все инструменты для того, чтобы получить необходимую информацию без внедрения данной нормы? Спасибо.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Министерство финансов.

СҰЛТАНҒАЗИЕВ М.Е. Спасибо за вопрос.

Действительно, мы возвращаем данную норму, которая действовала до 2021 года, в связи с тем, что это в целом коррелируется с политикой Правительства по снижению уровня теневой экономики, улучшению администрирования и мероприятиями, связанными с незаконным выводом капитала за рубеж. Физические лица, имеющие свыше 1000 МРП на счетах в иностранных банках, должны будут декларировать данные сведения.

Не по всем юрисдикциям мы имеем возможность получать сведения, в частности, по офшорам информация закрыта. В рамках международных соглашений мы обмениваемся информацией с более чем 100 юрисдикциями, по остальным – в рамках данного декларирования.

В прошлом году у нас пошел первый этап всеобщего декларирования, будем переходить поэтапно до 2025 года. Те категории лиц, которые не вошли во всеобщее декларирование, будут представлять декларации о сведениях по иностранным банкам.

ТӨРАҒА. Пожалуйста, Юлия Владимировна.

КУЧИНСКАЯ Ю.В. Спасибо.

Подскажите, пожалуйста, если человек имеет счет в офшорной зоне и не представляет налоговую отчетность, вы имеете возможность как-то это перепроверить? Вы говорите о том, что у вас сегодня нет инструментов для того, чтобы перепроверить некоторые счета или проверить и получить информацию по отдельным счетам. Если человек не представляет отчетность по ним, получается, вы и перепроверить ее не можете. Тогда суть этой нормы? Что она решает? По факту она не позволяет выявить тех, кто сегодня скрывает свои счета, и нагружает тех, кто достаточно открыт в этих вопросах, создавая для них волокиту и бюрократию.

СҮЛТАНҒАЗИЕВ М.Е. В данном случае никакой волокиты нет. Декларация представляется раз в год (по итогам года), декларируются сведения. Мы можем благодаря нашим взаимоотношениям с отдельными юрисдикциями получать сведения в рамках проверки, в то же время у правоохранительных органов есть возможность в рамках своего взаимодействия перепроверять данные сведения в отношении конкретных лиц. В данном случае декларирование – самостоятельное, добровольное, то есть физическое лицо само заявляет.

Это тоже один из этапов подготовки к всеобщему декларированию. Когда физическое лицо вступит во всеобщее декларирование, то у него будут сведения о том, что ранее оно имело какие-то накопления.

ТӨРАҒА. Еще раз? Пожалуйста.

КУЧИНСКАЯ Ю.В. Просто тогда зачем вы отменяли эту норму в 2021 году? То есть тогда не надо было готовиться к всеобщему декларированию, а теперь надо снова готовиться к нему? Я не вижу логики, извините, пожалуйста.

ТӨРАҒА. Включите микрофон Министерства финансов.

СҮЛТАНҒАЗИЕВ М.Е. Здесь действительно есть вопрос, потому что первоначально переход ко всеобщему декларированию предполагался сразу, но потом перешли на поэтапное. Именно в связи с этим данная норма выпала. В рамках этого законопроекта мы увеличиваем до 1 тысячи МРП. Ранее был 141 МРП.

ТӨРАҒА. У Вас еще есть возможность выступить по этому вопросу.

Депутат Рау Альберт Павлович.

РАУ А.П. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Уважаемый Алибек Сакенович! Рассматриваемым законопроектом предлагается убрать из вычетов все приобретения, когда у головной компании казахстанское юридическое лицо покупает программные продукты, рекламу, инженерные условия и так далее. То есть из вычетов мы убираем.

У нас цель – превратить Казахстан в центральноазиатский хаб, в том числе IT, логистика и так далее. Смотрите, «Microsoft Центральная Азия и Кавказ» в Казахстане. У «Samsung», у которого пять заводов в Узбекистане, логистический хаб в Казахстане. Теперь Вы говорите, что если «Microsoft» покупает у своей головной компании продукт (Вы говорите, что в пределах 3 процентов, а он 100 процентов покупает), то все это из вычета убираете.

Еще об одном моменте хотел сказать. Сегодня очень много компаний рассматривает возможность перевода своих головных офисов из России в районы Центральной Азии. Дает ли себе Правительство отчет, что мы не только не получим новые компании, но уйдут отсюда и те, которые работают, потому что господин Багдат Мусин хочет, чтобы они переходили к нам, а они почему-то идут в Ташкент? Не получится ли так, что эта норма их отпугнет и не только не придут новые компании, а еще уйдут и те, которые работают? Спасибо.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Уважаемый Ерлан Жаканович! Уважаемый Альберт Павлович! Да, мы тоже рассматривали этот вопрос весьма подробно. Дело в том, что наши компании пользуются данной налоговой льготой, и, к сожалению, это превращается в скрытый доход, скрытые дивиденды. Они приобретают услуги под видом нужных услуг у своих дочерних компаний за рубежом.

В данный момент мы смотрим на практическую сторону, то есть именно на те деньги, которые бюджет недополучил. Более того, это вывод капитала, вывод валюты, что в целом влияет на макроэкономическую ситуацию, имеет давление на курс национальной валюты и другие последствия.

Конечно, мы должны смотреть еще на привлечение высокотехнологичных компаний, которые скорее всего будут закупать нематериальные активы в гораздо большем количестве, чем 10-20 процентов.

На текущий момент у нас стоит несколько целей – бороться с выводом капитала, пополнить бюджет и в целом построить такую налоговую дисциплину, чтобы компании, особенно крупные компании горнорудного сектора, этим сильно не баловались. Поэтому в данный момент было принято такое решение.

Мы не ограничиваем. Правительство будет контролировать эти расходы. Налоговый кодекс – это живой организм, и при необходимости мы будем рассматривать в будущем дополнительные льготы для определенного круга компаний в определенных сферах. Спасибо.

ТӨРАҒА. Вы удовлетворены ответом, Альберт Павлович? Мне кажется, есть дополнительные вопросы.

РАУ А.П. Я задал вопрос конкретно по «Microsoft». То есть у него 100 процентов закупок – это программный продукт. Вы сейчас говорите, что не больше 3 процентов. Все, у него сейчас это из вычетов убирается и ему нет смысла здесь работать. Спасибо.

ҚУАНТЫРОВ А.С. Я же говорил, что сейчас по факту крупные компании у нас как раз таки этим и занимаются. Это скрытые дивиденды. У нас выводится капитал. Покупаются услуги, которые, по сути, компаниям могут быть и не нужны, причем закупаются на очень большие суммы.

ПЕРУАШЕВ А.Т. Это их бизнес...

ҚУАНТЫРОВ А.С. Азат Турлыбекович, понимаю, что их бизнес, но, к сожалению, это скрытые дивиденды, выводится капитал. С этим надо тоже как-то бороться. Палка о двух концах, я понимаю.

ТӨРАҒА. Хорошо.

Депутат Ержан Құдайберген Төлепұлы.

ЕРЖАН Қ.Т. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Әлібек Сәкенұлы! Қытай өзінің нарығынан майнерлерді шығарып жіберді. Табыс табуды, халқын асырауды негізі Қытайдан үйрену керек шығар. Қытай оларды неліктен шығарып жіберді? Соған мән беріп, сараптама жасау керек сияқты.

Сіз айттыңыз, майнерлер өте төмен салық төлеп жатыр деп. Майнерлер мүлдем салық төлемейді. Олар елімізде өзі тапшы энергияны алып өз пайдасына жаратып жатыр. Мысалы, оңтүстік өңірлерде шаруалар өзінің еккен дақылдарын аман сақтап қалу үшін электр насостармен су шығарады. Соған кезінде электр энергиясы жетпегендіктен мүмкіншілік тауып түнделетіп жасайтын. Ал сіздер майнерлерге сондай мүмкіншілікті заңдастырып бермекшісіздер. Сондықтан алдымен Қазақстанның энергия жүйелері операторынан анықтама алу керек, қай жерде электр энергияның артық екендігі туралы.

Мен Сізге энергетик ретінде айтайын, бізде артық электр энергия мүлдем жоқ. Бізде электр энергия лас, кір жолдармен табылады, мысалы, отын жағумен, көмір жағумен. Ол біздің табиғатымызға үлкен зиян келтіріп жатыр. Сондықтан осы мәселеге көңіл бөліп, майнинг фермаларын орналастыратын жерлерді алдын ала зерттеп алу керек. Рақмет.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Түсінікті. Рақмет.

ТӨРАҒА. Депутат Қамасова Зарина Айдарханқызы.

ҚАМАСОВА З.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Мои вопросы адресованы Алибеку Сакеновичу.

Первый вопрос. Скажите, пожалуйста, почему последние десять лет вы делаете низкие акцизы для нагреваемого табака?

Второй вопрос. Почему такая разница? Если вы делаете низкие акцизы для нагреваемого табака в килограммах, то для сигарет и табачных изделий – штучно. К примеру, для килограмма нагреваемого табака – 12 тысяч 925 тенге, а за табак поштучно –

14 тысяч за тысячу сигарет. В одном килограмме 4 тысячи сигарет. Почему такая избирательная политика?

Меня волнует этот вопрос потому, что под нагреваемым табаком в первую очередь мы подразумеваем вейпы, о чем был депутатский запрос. Вейпы (нагреваемый табак) продаются поштучно. Вы делаете очень низкие акцизы в килограммах, а они-то продают поштучно. Покупают дети, подростки, наша молодежь. Получается, мы экономим на здоровье наших детей, нашего будущего.

Ответьте, пожалуйста, почему такая разница в акцизах? Спасибо.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Спасибо.

Вопрос активно обсуждается. В целом такова позиция Министерства здравоохранения и в национальном проекте сидит вопрос повышения акцизов на нагреваемый табак и изделия для нагреваемого табака. Всемирная организация здравоохранения приравнивает нагреваемый табак к сигаретам.

Этот вопрос поднимался несколько раз в рабочей группе. Мы договорились, что будем дополнительно рассматривать повышение акциза. Соответствующие ассоциации также поднимают данный вопрос. Мы дополнительно обсудим, на сколько процентов можно еще поднять данный акциз.

В целом, наверное, это нужно по нескольким причинам. Как Вы отметили, это здоровье наших детей – нашего будущего. Плюс подводить стоимость нагреваемого табака к уровню наших ближайших соседей в рамках Евразийского экономического союза и европейскому уровню, думаю, целесообразно. Спасибо.

ТӨРАҒА. Депутат Адамбаев Сырым Жұматайұлы.

АДАМБАЕВ С.Ж. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Әлібек Сәкенұлы! Осы заң жобасы аясында төтенше жағдай салдарынан, соның ішінде елімізде қаңтар айында болған тәртіпсіздіктер кезінде зардап шеккен кәсіпкерлік субъектілерін қолдау үшін салық жеңілдіктерін көздейтін түзетулер топтамасын ретроспективті түрде енгізу ұсынылады.

Өздеріңізге мәлім, бүгінде Үкімет шағын және орта бизнес субъектілеріне келтірілген зиянды өтеу бойынша шаралар қабылдады, жеке және заңды тұлғалардың қарыздары бойынша төлемдерді кейінге қалдыру ұсынылды, салықтық және кедендік тексерулер мен басқа да шаралар тоқтатылды.

Әлібек Сәкенұлы, осы түзетулерді қабылдау барысында қаңтардағы оқиғалар кезінде зардап шеккен кәсіпкерлік субъектілер қандай жаңа құқықтар мен мүмкіндіктерге ие болады? Осыған жауап беруіңізді сұраймын.

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Сұрағыңызға рақмет, Сырым Жұматайұлы.

Иә, Сіз айтқандай, қаңтар оқиғасында шағын және орта бизнес мүліктеріне залал келтірілген болатын. Соған байланысты Президенттің тапсырмасы бойынша кешенді шаралар қабылданды, сол бойынша бизнес субъектілеріне көмек көрсетілді. Біз жақтан нақты көмек көрсетілді, яғни залал келтірілген мүліктер өтелді. Мысалы, 1,7 субъектіге

12,5 миллиард теңге қаражат бөлінді, яғни 98 пайыз. Қазіргі таңда қалған қаражат қарастырылуда. Оны тиісті комиссия қарастырады. Оны есептеудің тиісті тетіктері бар. Өңірлік комиссиялар оның барлығын қарастырып жатыр. Жалпы, қазіргі таңда Үкімет есебінен 24 миллиард теңге бөлінді. Көмек негізгі үш көзден бөлінуде, яғни республикалық бюджеттен, жергілікті бюджеттен, қордан.

Қарыз, төлем бойынша екінші бағыт бар, яғни несиелік төлемдерді кейінге қалдыру. Бірақ кейінге қалдыру шағын және орта бизнес субъектілерінің несиелік тарихын нашарлатпайды. Сондай-ақ мүліктерді жалға алу төлемдерінен 30 маусымға дейін босатылады. Шағын және орта бизнес субъектілеріне осындай шаралар қарастырылуда. Жалпы, қазіргі таңда олардың қосымша ұсыныстары жоқ. Оларға осындай жәрдем көрсетіліп жатыр. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет. Сұрақтар аяқталды.

Әлібек Сәкенұлы, бұл өте маңызды заң жобасы. Заң жобасын сессияның аяғына дейін қабылдау керек қой, иә?

ҚУАНТЫРОВ Ә.С. Иә.

ТӨРАҒА. Өйткені экономика бұны күтіп отыр. Бірақ осы мәселе бойынша Президент тапсырманы қаңтар айында берген болатын. Қазір міне мамырдың аяғы. Үкіметтің осы заң жобасын кешіктіріп енгізгенін мен сіздерге айтуға тиіспін.

Заң жобасын комитетте, жұмыс тобында қарауды тездету керек, Марат Әпсеметұлы. Уақыт өте тығыз. Заң жобасын Сенат қарау керек.

Көптеген депутаттар сұрақтарына толық жауап алған жоқ, жауапқа қанағаттанбады. Сондықтан осыны өзіңіз назарыңызға алыңыз. Әріптестеріңізбен бірге тағы осы мәселелерді анықтап, жазбаша жауап беріңіз. Келесі жолы дайындалып келіңіз.

Рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Енді қосымша баяндама жасау үшін сөз Қаржы және бюджет комитетінің мүшесі депутат Жамалов Аманжан Мәкәрімұлына беріледі.

ЖАМАЛОВ А.М. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті әріптестер және шақырылғандар! Заң жобасының негізгі мақсаттары және міндеттері туралы Ұлттық экономика министрі өз баяндамасында айтып берді.

Мәжіліс қабырғасында заң жобасы бойынша атқарылған жұмыстар туралы қысқаша тоқталып өтуге рұқсат етіңіздер.

Бүгінгі таңда жұмыс тобының қарауына 40-қа жуық түзету келіп түсті.

Барлық түзетулер жұмыс тобының отырыстарында талқыланды, депутаттардың Үкімет қорытындысын талап ететін түзетулері олардың шығындылығына байланысты келесі заң жобасы аясында, биылғы жылдың күзінде қарауға ұсынылды.

Заң жобасы бойынша жұмыс тобының екі отырысы және Қаржы және бюджет комитетінің кеңейтілген отырысы өткізілді.

Осы заң жобасында Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша 2023 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енуге тиіс кейбір салықтардың мөлшерлемесі қайта қаралады.

Сондықтан қаралып отырған заң жобасын Парламент ағымдағы жылдың 1 шілдесіне дейін қабылдауы қажет. Бұл Салық кодексінің 3-бабының талабы.

Парламент Мәжілісінің барлық комитеттері заң жобасы бойынша қолдау көрсетті.

Қаржы және бюджет комитеті заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдауды ұсынады.

Қолдауларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет, Аманжан Мәкәрімұлы.

Құрметті депутаттар, заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Паяев Айбек Мінаимбекұлына беріледі.

ПАЯЕВ А.М. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті депутаттар! Мен осы кодекс жобасын қолдаймын және әріптестерімді де қолдауға шақырамын.

Біз бүгін басты заңнамалық актілердің бірі – Салық кодексіне өзгерістер енгізетін өте маңызды заң жобасын қарастырып отырмыз.

Ұсынылған өзгерістерді енгізудің қажеттілігі ең алдымен бюджетке қосымша түсімдер мәселесін шешуді, бюджет тапшылығын жабу үшін мемлекеттік қарыз алуды азайтуды талап ететін ел экономикасының қалыптасқан конъюнктурасына негізделген. Осыған байланысты заң жобасында тау-кен секторына салық жүктемесін арттыруды көздейтін нормалар бар. Бұл ретте пайдалы қазбаларды өндіруге арналған салықтың мөлшерлемелері бойынша сараланған тәсілді қолдану ұсынылады.

Заң жобасында қамтылған маңызды нормалардың бірі цифрлық майнинг үшін төлемақы мөлшерлемелерін өзгерту жөніндегі нормалар болып табылады. Мемлекет басшысы атап өткендей, электр қуатының бір киловаты үшін 1 теңге болатын ағымдағы мөлшерлеме тым аз. Үкімет цифрлық майнинг үшін төлемақы мөлшерлемелері бойынша сараланған тәсілді қолдануды ұсынады – электр энергиясының құны неғұрлым төмен болса, төлемақы мөлшерлемесі соғұрлым жоғары болады.

Сонымен қатар салық заңнамасында төтенше жағдай кезінде салық салу, салық жеңілдіктерін қолдану ерекшеліктері бойынша нормаларды бекіту ұсынылады.

Жалпы алғанда, Қазақстанда салық заңнамасын жетілдіру тұрақты негізде жүргізіледі және қолайлы кәсіпкерлік орта құруға, стратегиялық даму мақсаттарын іске асыруға және елдің одан әрі тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуы үшін жағдайлар жасауға бағытталған.

Жақында ғана Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев бизнес өкілдерімен кездесу барысында Үкіметке бизнес қауымдастығымен бірлесіп салық саясатының ұзақ мерзімді тұжырымдамасын әзірлеуді тапсырды. Сондықтан таяу арада әділ салық салуды қалыптастыру бойынша салық заңнамасына түбегейлі өзгерістер енгізілетін болады. Қаралып отырған заң жобасында осы бағытта жақсы өзгерістердің басталғаны байқалып отыр.

Өздеріңіз білетіндей, келесі жылдың басынан бастап күшіне енуі қажет салықтар мен бюджетке төленетін басқа да төлемдердің мөлшерлемелері ағымдағы жылғы 1 шілдеге дейін заңды түрде қабылдануға тиіс. Ұсынылған нормалардың өзектілігін ескере отырып, заң жобасын қолдауды сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Перуашев Азат Тұрлыбекұлына беріледі.

ПЕРУАШЕВ А.Т. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Уважаемые коллеги! Рассматриваемый законопроект направлен на выполнение поручений Главы государства и заслуживает поддержки уже потому, что призван устранить дисбаланс, когда налоговая нагрузка на сырьевых олигархов не соответствовала извлекаемым ими доходам.

Я хотел бы высказаться по тем моментам, которые остались за рамками этого законопроекта, но которых давно и безуспешно ждут сами предприниматели.

Прежде всего надо отметить, что у налогов есть не только фискальная, но и стимулирующая функция, о которой упорно забывают чиновники. Налоговая политика дает сигналы бизнесу, какие секторы государство считает нужным развивать, а какие уже крепко стоят на ногах.

Так, начиная с 2012 года, фракция Демократической партии «Ақ жол» настойчиво предлагает Правительству ввести отраслевые пониженные ставки НДС для социальных и приоритетных товаров. Этот подход широко используют страны ОЭСР и Евросоюза (Швеция, Испания, Германия, Австрия, Польша, Литва и так далее). Общая ставка НДС там может быть 20-25 процентов, а для сельского хозяйства – 0, пищевой продукции и потребительских товаров – 3-5 процентов, жилья, стройматериалов, машинного оборудования – 6-8 процентов.

Несколько лет назад даже Россия внедрила этот механизм для продовольственных товаров отечественного производства. Однако наше Правительство упорно отказывается от таких инициатив.

В 2020 году уже Президент Токаев своим решением в рамках чрезвычайной ситуации временно ввел пониженную ставку НДС на социальные товары, но три попытки нашей фракции в том же году внести соответствующую норму в кодекс вновь наткнулись на отказ Правительства под предлогом неудобства администрирования. Так для кого должны быть удобными налоги – для предпринимателей или чиновников?

Сегодня на повестке дня борьба с ростом цен. Вот вам, уважаемые государственные органы, конкретный инструмент для снижения себестоимости товаров. Он тем более актуален, что в рамках НДС получило широкое распространение двойное налогообложение, причем уже не с добавленной стоимости, а со всей суммы оборота.

Дело в том, что согласно статье 403 Налогового кодекса налоговые органы имеют право исключать НДС из зачетной части и взыскивать его не только с конечной операции, а с полного цикла оборота товара, со всех предшествующих участников оборота.

На бумаге это касается фактов уклонения от уплаты налогов и выписки фиктивных счетов-фактур, но на практике эта норма получила самое широкое распространение, коснулась десятков тысяч предприятий, а в ряде случаев привела к разорению бизнеса, когда, например, ТОО с годовым оборотом в 400 миллионов тенге доначисляют налоги на 3-5 миллиардов тенге. И это реальные примеры.

Эта норма стала едва ли не самой широко используемой для шантажа, вымогательств и рейдерского захвата предприятий. Об этих проблемах Президент Токаев буквально на днях говорил с бизнесом.

О том, как контролирующие органы по-своему читают закон, говорит пресса.

Только за один вчерашний день в Алматы прокуратура отменила доначисление налогов на 757 предпринимателей, в столице – еще на 170 субъектов МСБ. Только в двух городах и только за один день около тысячи неправомерных доначислений!

Или другая наболевшая проблема – возврат методом зачета по НДС на импорт пестицидов и племенных животных. Тысячи сельхозпроизводителей ждут этой нормы с 1 января, от которой бюджет ничего не теряет, зато у фермеров изымаются оборотные средства. Вот где цены на мясо, молоко, пшеницу и так далее! А законопроект обходит эту проблему и оставляет аграриев у разбитого корыта. И где тут сдерживание цен на продукты?! Где позиция Министерства сельского хозяйства?!

Вопрос и к самому НДС. По природе это налог для сдерживания перепроизводства, но у нас кризис не перепроизводства, а недопроизводства. Сегодня уже около двух трети кредитов идет не на производство, а на потребление и финансирование импортозависимости. Для сырьевых экономик, как наша, НДС – это еще и стимул вывозить сырье, готовые товары выгоднее импортировать, чем производить. Недаром у нас возврат НДС сырьевикам сопоставим с теми налогами, которые они уплачивают, и служит огромным источником дополнительной прибыли, но за счет государства (сейчас министр говорил о выводе капиталов). Вот где резервы!

Фракция партии «Ақ жол» ранее уже предлагала, если Правительство не хочет вводить пониженные ставки НДС для социальных товаров, то вообще рассмотреть вопрос о замене НДС со всей его бюрократией на налог с оборота или продаж. Это более честный подход. Такой налог должен быть в три-четыре раза ниже НДС, тогда производить будет выгоднее, чем импортировать и перепродавать чужую продукцию.

В свое время Правительство пыталось подойти к этой реформе, но само же и убило идею, не захотев существенно снижать ставку и включив каскадный метод начисления. Давайте вернемся и изучим этот вопрос.

Еще одна тема. После январских событий Глава государства главной задачей обозначил борьбу с бедностью. Это можно сделать только через развитие массового предпринимательства, но предпринимательство задыхается под горой отчетов и проверяющих. Тот же НДС нереально сложен для малого бизнеса, где предприниматель сам себе и кассир, и юрист, и бухгалтер. Поэтому для малых предприятий мир давно придумал вмененное налогообложение (патент): заплатил один раз в год и больше никто к тебе не лезет с проверками и штрафами.

Одно это решение создало бы столько рабочих мест, сколько не создала ни одна программа занятости, на которую тратим десятки и сотни миллиардов. Но мы получаем ответ Правительства, что это пройденный этап, лучше НДС. А НДС – это отчеты, проверки, штрафы и взятки. Предприниматель закрывает дело и идет просить соцпособие.

И таких примеров игнорирования здравых идей молодыми, но уже равнодушными чинушами десятки. Давно пора переходить к сервисной модели налогообложения, то есть не штрафовать, а помогать предпринимателям.

На той же встрече с бизнесом Президент отметил дефицит мысли в экономическом блоке Правительства. На самом деле бизнес и партия «Ақ жол» годами выдвигают инициативы, направленные на глубокую реформу экономической политики, создание принципиально иного делового климата, но все они тонут в бюрократической машине. А бизнесу и экономике нужна новая парадигма, нужны перемены, а не просто слова про новый Казахстан.

И реформа Конституции ведется для того, чтобы начать уже менять и модель государственного управления, и саму жизнь. Так почему же вы стараетесь все оставить как раньше, по инерции – с тотальным контролем, преследованием предпринимателей, штрафами и взятками?!

Фракция «Ақ жол», наверное, в сотый раз требует рассмотреть перечисленные выше и некоторые другие предложения, которые мы внесем в ходе дальнейшего обсуждения законопроекта.

Мы поддержим данный законопроект с условием самого серьезного изучения наших инициатив. Очередные отписки нас уже не интересуют.

Если уж беретесь выполнять поручения Президента, то имейте гражданскую смелость выполнять не только дословные указания, но и смысл этих реформ! Имейте смелость идти на реальные и глубокие перемены экономической политики! Иначе такое впечатление, что у чиновников дефицит не только мысли, но и духа, и государственности.

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Депутат Жаңбыршин Еділ Терекбайұлы.

ЖАҢБЫРШИН Е.Т. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер! Жаңа бір үлкен мәселені біз экономикалық жағынан қарап өткізіп жібердік. Бұл жаңа айтылған электронды темекілер (вейп). Үкімет экономикалық жағына қарауда. Біз халықтың өмір сүру сапасын жоғарлату туралы Президенттің, жалпы, халықтың талабын ысырып тастап отырмыз. Қараңыздар, сол электронды темекіні бұрын ересек адамдар қолданса, енді қазір оны мектеп жасындағы балалар қызық көріп пайдаланып жүр. Енді зерттеушілер, Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы вейпингтің адам денсаулығына зиян екенін айтуда. Жақында пайда болған бұйым болғандықтан оның зиянды әсерін нақты ешкім білмейді, бірақ зерттеулер көрсеткендей, фиброз, мутагендік, онкологиялық ауруларға және әсіресе жас балаларды созылмалы бронхит ауруына әкелетінін көрсетіп отыр. Сондықтан бұл мәселе өте өзекті. Біз тек салықты көбейту, экономиканы жақсарту жағын ғана ойламай, әлеуметтік жағын да ойлауымыз керек. Қазір бұл мәселені Американың онкология қоғамының өзі көтеруде. Вейпингтің жас организмге әсерін, оның арғы жағы темекіге, никотинге тәуелділікке әкелетінін көрсетіп отыр. Сондықтан бұл мәселені жан-жақты қарау керек. Оны зерттеп, қажет болса тіпті Қазақстанда электронды темекілерді сатуға тыйым салу керек. Әйтпесе біз жастарымыздың денсаулығын құртамыз, ақша жинаймыз деп азаматтарымыздың денсаулығына нұқсан келтіреміз. Алдағы уақытта еліміздің медицина саласына үлкен ауыртпашылық болуы мүмкін. Артық қыламыз деп тыртық қылып алуымыз мүмкін. Бұл

мәселені Үкімет депутаттармен бірге, қоғам өкілдерімен бірге, ғалымдармен бірге зерттеп, вейпингке нүкте қою керек. Рақмет.

ТӨРАҒА. Заң жобасын қолдайсыз ғой?

ЖАҢБЫРШИН Е.Т. Ойлану керек.

ТӨРАҒА. Ойланыңыз.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөнінде ұсыныс түсті. Басқа ұсыныстарыңыз жоқ болса, осы ұсыныс дауысқа қойылады. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 99, «жақтағандар» – 98. Шешім қабылданды.

Енді қаулының жобасы бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 99, «жақтағандар» – 98, «қалыс қалғандар» – 1. Қаулы қабылданды.

Шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (бірінші оқылым). Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі Өскенбаев Қайырбек Айтбайұлына беріледі.

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті депутаттар! Сіздердің қарауларыңызға «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне көлік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Заң жобасы ұсынылады.

Заң жобасы Үкіметтің 2021 жылғы заң жобалау жұмысы жоспарына сәйкес әзірленді.

Заң жобасы Қазақстан Республикасының 4 кодексі және 16 заңына өзгертулер мен толықтырулар енгізуді көздейді.

Заң жобасының негізгі мақсаттары:

жолдарда көліктік бақылауды автоматтандыру;

теңіз көлігі саласындағы халықаралық шарттардың нормаларын имплементациялау;

теміржол көлігіндегі оқиғаларды және кемелермен болған авариялық жағдайларды тергеу тәртібін жетілдіру;

Қазақстан Республикасы заңнамасын Халықаралық азаматтық авиация ұйымы стандарттарының талаптарына және Еуропалық Одақтың авиациялық талаптарына келтіру;

әуеайлақ маңындағы аумақта қызметті жүзеге асыруға рұқсат алу тетігін реттеу.

Жүктерді автомобильмен тасымалдаудың жоғары қарқындылығы жол төсемінің мерзімінен бұрын бұзылу себептерін болдырмау мәселесі түбегейлі шараларды қабылдауды талап етеді.

Осы мақсатта «2020 – 2025 жылдарға арналған Нұрлы жол» бағдарламасы бойынша жолдарда көлік құралдарының салмақтық және габариттік параметрлерін өлшейтін автоматтандырылған станцияларды орнату жоспарлануда.

Заң жобасында автоматтандырылған өлшеу станцияларын орнату және олардың жұмыс істеу тәртібін айқындайтын нормалар көзделген.

Атап айтқанда, ұсынылып отырған нормалар:

1) Автомобиль жолдарын басқару жөніндегі ұлттық оператор және жергілікті атқарушы органдарға республикалық және жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарында автоматтандырылған өлшеу станцияларын орнату және олардың жұмыс істеуін қамтамасыз ету міндетін;

2) автомобиль көлігі саласындағы уәкілетті органға автоматтандырылған өлшеу станцияларының жұмысын ұйымдастыру қағидаларын бекіту өкілетін;

3) техникалық рұқсат етілген ең жоғары массасы 12 тоннадан асатын автокөлік құралдарының иелері, автоматтандырылған өлшеу станциялары қолданылатын аймақ арқылы өткен кезде өз автокөлік құралының салмақтық және габариттік параметрлерінің өлшенуін қамтамасыз ету міндетін енгізуді көздейді.

Бұл ретте станциялар адамның қатысуынсыз «Сергек» жүйесі қағидаты бойынша жұмыс істейтінін атап өткім келеді.

Ұсынылып отырған шараларды іске асыру автожолдардың сақталуын қамтамасыз етуге және автожолдарда көліктік бақылау жүргізу кезінде адами факторды болдырмауға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар заң жобасында халықтың әлеуметтік жағынан осал топтарына автомобиль саласындағы қоғамдық көлікте жүруге жеңілдіктерді беретін нормалар көзделген.

Атап айтқанда, заң жобасы әлеуметтік маңызы бар, сондай-ақ қалалық (ауылдық), қала маңындағы қатынастарда автомобильмен тұрақты тасымалдауда:

1) «Алтын алқамен», «Күміс алқамен» наградталған немесе бұрын «Батыр ана» атағын алған, бірінші және екінші дәрежелі «Ана даңқы» ордендерімен наградталған көп балалы аналардың, бірінші топтағы мүгедектердің тегін жол жүру құқығын;

2) 15 жастан 18 жасқа дейінгі адамдардың жол жүру құжатының толық құнының 50 пайызын төлей отырып сатып алу құқығын енгізуді көздейді.

2021 жылдың 31 наурызында Қазақстан Республикасы батып кеткен кемелерді шығару туралы Найроби халықаралық конвенциясын ратификациялады.

Осыған байланысты заң жобасында кеме иесінің суға батқан мүлікті көтеру жөніндегі өзінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру жөніндегі міндетін белгілейтін конвенция талаптарын имплементациялау жөніндегі нормалар көзделген.

Ұсынылып отырған нормалар Қазақстанға суға батқан кемені көтеру бойынша шығындарды өтеу туралы талаптарды тікелей сақтандыру компаниясына ұсынуға мүмкіндік береді.

Бірқатар түзетулер теміржол және су көлігіндегі қозғалыс қауіпсіздігін арттыруға бағытталған.

Қазіргі уақытта теміржол көлігіндегі апаттар мен аварияларды тергеуді көлік саласындағы уәкілетті орган, ал оқиғалар мен инциденттерді, тасымалдау процесіне қатысушылардың өздері жүргізеді.

Адамдардың өмірі мен денсаулығының құндылығын ескере отырып, заң жобасы шеңберінде жолаушылар поездарының жолдан шығуын, немесе соқтығысуын тудырған оқиғаларды тексеруді уәкілетті органның құзыретіне беру ұсынылады.

Сондай-ақ уәкілетті органның құзыретіне Каспий теңізінің аумақтық суларында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік туы астында жүзетін кемелермен болған авариялық жағдайларды тергеуді қосу ұсынылады.

Азаматтық авиация саласында заңнамаға келесі өзгерістер енгізу ұсынылады:

пилотсыз ұшу аппараттарын пайдалану процесін реттеу жөніндегі норманы енгізу, атап айтқанда, сертификаттау рәсімін енгізу, қашықтықтан сәйкестендіруге қойылатын талаптарды белгілеу және оларды пайдалану аймақтарын айқындау. Сондай-ақ «ұшқышсыз авиациялық жүйе» және «ұшқышсыз әуе кемесі» ұғымдары енгізіледі.

Каспий теңізінің мәртебесін құқықтық реттеуге байланысты заң жобасына қазақстандық органдардың Каспий теңізі үстіндегі жауапкершілік аймағында ұшуды құқықтық реттеуге қатысты нормалар енгізілді.

Заң жобасында бірінші басшының азаматтық авиация саласындағы уәкілетті ұйымға жүктелген міндеттерді орындағаны үшін дербес жауапкершілігі және авиация инспекторларының өздерінің қызметтік міндеттерін орындамағаны немесе тиесілі орындамағаны үшін жауапкершілігі көзделеді.

Авиакомпанияларға әуе тасымалы шектелген адамдардың жеке тізілімін жүргізуге мүмкіндік беретін норма енгізіледі. Алайда азаматтар мұндай тізімге тек ұшақ бортындағы құқық бұзушылықтар үшін және оларды қылмыстық немесе әкімшілік жауапкершілікке тарту нәтижесінде кінәсі дәлелденген жағдайда ғана енгізіледі.

Халықаралық тәжірибені назарға ала отырып, заң жобасында «әділ мәдениет» (Just Culture) ұғымын енгізу көзделген, оның негізгі қағидаты азаматтық авиация саласындағы қасақана бұзушылықтарға немесе немқұрайлы мінез-құлыққа қатысты төзбеушілік болып табылады.

Азаматтық авиация саласындағы уәкілетті органның өкілеттіктері қарастырылады: мұздануға қарсы қорғау тәртібі;

ұшуды жүзеге асыру кезінде құстар мен жабайы жануарлар тудыратын қауіптерді басқару тәртібі;

ұшқышсыз авиациялық жүйелерді пайдалану тәртібі.

Сондай-ақ заң жобасында Жер кодексіне оны авиациялық заңнамамен байланыстыру үшін және ұшу қауіпсіздігіне қатер төндіретін қызметті жүзеге асыруға рұқсат бермеу бөлігінде өзгерістер енгізу көзделген.

Әуеайлақтан 15 шақырым радиуста аң фермаларын, мал сою алаңдарын және басқа да объектілерді салу, ауыл шаруашылығы қызметін жүзеге асыру, егер олар құстардың жаппай жиналуына жағдай жасамаса және ұшу қауіпсіздігіне қауіп төндірмесе, мүмкін болады.

Бұдан басқа, заң жобасында халықаралық стандарттарға сәйкес ИКАО-ның кезекті аудитінен өтуге дайындалуға бағытталған сала үшін маңызды және өзекті түзетулер бар.

Заң жобасын қабылдаудан күтілетін нәтижелер:

көліктік бақылау жүйесінде адами фактор мен сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін жою;

жолаушыларды, багажды және жүктерді тасымалдау қауіпсіздігін күшейту;

автожолдардың сақталуын арттыру, тасымалдаудың баламалы түрлерін дамыту;

әкімшілік кедергілерді азайту, қашықтықтан бақылау нысанына көшу;

суға батқан мүлікті көтеруді қамтамасыз ету және теңіз апаттарының салдарын жедел жою жөніндегі тетікті құру;

теміржол көлігіндегі апаттарды, авариялар мен оқиғаларды, сондай-ақ кемелердегі авариялық жағдайларды тергеудің тиімділігін арттыру;

азаматтық авиация қызметін мемлекеттік бақылау және қадағалау тиімділігін арттыру;

азаматтық авиация субъектілері үшін ұшу қауіпсіздігінің кейбір аспектілерін нақтылау;

пилотсыз ұшу аппараттарын пайдалану процестерін реттеу болып табылады.

Назарларыңызға рақмет. Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет, Қайырбек Айтбайұлы. Баяндама аяқталды.

Енді сұрақ беру рәсіміне көшеміз. Сөз депутат Тұрғанов Дүйсенбай Нұрбайұлына беріледі.

ТҰРҒАНОВ Д.Н. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Қайырбек Айтбайұлы! Кейбір авиакомпаниялар өздерінің «сұр» тізімдерін жасап, ол тізімге бортта және әуежайларда тәртіп ережелерін бұзған жолаушыларды кіргізіп, өз қалауы бойынша оларды ұшаққа отырғызбайтыны бар.

Заң жобасында осы мәселені реттейтін нормалар нақты жазылған. Яғни, әуе тасымалында шектеу қойылған жолаушылардың нақты ресми тізілімі енгізіледі. Осыған байланысты менің сұрақтарым бар.

Жолаушылардың бортта және әуежайларда тәртіп бұзуы қаншалықты жиі орын алады, олардың қайсысы жиі қайталанатын? Жалпы, олар көбейіп жатыр ма, әлде азайып жатыр ма? Сіздерде осындай статистика бар ма?

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Сұрағыңызға рақмет, құрметті Дүйсенбай Нұрбайұлы.

Шынында да, ондай бұзушылықтар бар, жыл сайын шамамен 420-430 болып тұрады. Былтыр пандемияға байланысты 869 болды. Биылғы төрт айдың ішінде 206 сондай бұзушылық болды. Ең жиі кездесетіні – темекі тарту. Өздеріңіз білесіздер, ұшақтың ішінде темекі тарту өте қауіпті. Оларға ескерту жасасаң, байланыса кетеді, ол сонымен шектелмейді ғой. Біз ірі бұзушылықты айтып отырмыз. Ал былтыр оның санының өскен себебі, өздеріңіз білесіздер, пандемияға байланысты біз санитариялық нормаларға сәйкес келетін тәртіптер орнаттық, мысалы, міндетті түрде бетперде кию керек. Ол тәртіпті де жолаушылар көп бұзды. Енді бұл талапты алып тастағаннан кейін ол

да орнына келетін шығар. Негізі жылына, өкінішке орай, шамамен 420-430 бұзушылықтар болады.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Тағы да темекі мәселесі. Еділ Терекбайұлы, мәселені дұрыс көтеріпсіз.

Депутат Ақышев Самат Сағынбайұлы.

АҚЫШЕВ С.С. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Уважаемый Каирбек Айтбаевич! Как мы знаем, сегодня пассажиры могут приобретать билеты на самолеты на различных платформах и приложениях, включая сайты самих авиакомпаний. Однако почему-то в сфере железнодорожного транспорта продажа билетов и бронирование мест осуществляются только через автоматизированную систему компании «Қазақстан темір жолы».

В связи с этим депутатами было предложено децентрализовать продажу билетов на железнодорожный транспорт и предоставить другим перевозчикам такое же право самостоятельно продавать билеты.

Предполагается, что данная поправка положительно повлияет на развитие конкуренции в данной сфере и у пассажиров появится возможность покупать билеты по тем или иным ценам.

Поясните, пожалуйста, почему до настоящего времени другие перевозчики в сфере железнодорожного транспорта были ограничены в возможности продажи билетов?

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Самат Сагинбаевич, большое спасибо.

Действительно, в этом направлении имеется давняя история, буквально три-четыре года назад очень много нареканий было связано с перекупщиками, перепродажей этих билетов.

Раньше система железных дорог у нас работала в международной системе АСУ «Экспресс», в которой по всем странам СНГ видны расписания всех поездов. Однако данная система не обеспечивала охрану в случаях, когда перекупщики выкупали полностью все места, потом перепродавали.

Поэтому КТЖ была внедрена система «Мобиус», к которой был подключен ряд операторов, в том числе «Kaspi», «Aviata» и другие.

Вы совершенно правильно говорите, возможность введения альтернативного доступа к данной системе для других электронных цифровых систем позволяет навести порядок. Поэтому полностью поддерживаем предложение депутатов о внедрении альтернативных систем.

Я знаю, что сейчас частными перевозчиками уже разрабатываются аналогичные системы, которые тоже готовы напрямую подключаться к АСУ «Экспресс». Я думаю, что данная норма очень позитивно скажется на оказании услуг в данной сфере.

ТӨРАҒА. Депутат Осин Шамиль Абзалетдинович.

ОСИН Ш.А. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Уважаемый Каирбек Айтбаевич! Законопроектом впервые устанавливается обязанность собственника судна, вместимость которого превышает 300 регистровых тонн, застраховать свою ответственность за подъем затонувшего судна на случай его затопления.

По данным уполномоченного органа, сегодня в государственном реестре зарегистрировано порядка 200 таких морских судов, из них только 10 торговых судов, совершающих международные рейсы, осуществляют подобное страхование. При этом они застрахованы не в наших, а в зарубежных страховых компаниях.

Поясните, пожалуйста, есть ли в Казахстане страховые компании, которые будут осуществлять страхование ответственности собственника судна за подъем затонувшего судна?

Второй вопрос. Почему ранее на законодательном уровне собственника морских судов не обязывали страховать свою ответственность за подъем затонувшего судна? Ведь Закон «О торговом мореплавании» действует уже 20 лет и в настоящее время в территориальных водах Казахстана находятся остатки десяти затонувших судов. Спасибо.

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Большое спасибо.

Действительно, до 2015 года в мировом сообществе система страхования по таким случаям не предусматривалась. В 2015 году данная система была принята мировым сообществом. Мы ратифицировали соглашение о присоединении к данной системе 31 марта 2021 года, поэтому данный вид страхования у нас еще не совсем развит. У нас есть несколько крупных компаний, которые проявляют заинтересованность в таком виде страхования.

Десять судов, о которых Вы говорите. Сегодня имеют такой вид страхования те суда, которые осуществляют международные рейсы. Стоимость данного вида страхования составляет от 100 до 400 долларов. Я думаю, что только-только началось, поэтому наши страховые компании, наверное, сейчас начнут приступать к реализации такого вида услуг.

ТӨРАҒА. Депутат Абақанов Елдос Нұрболұлы.

АБАҚАНОВ Е.Н. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Қайырбек Айтбайұлы! Менің сұрағым алдыңғы сұрақтың жалғасы ретінде.

Негізі заң жобасы жаңалықтарының бірі – сіздердің министрлікке суға батқан кемелерді көтеру қағидаларын бекіту құзыретін беру.

Суға батқан кемені көтеру жұмыстарын орындау, жалпы, жеткілікті материалдық-техникалық базаны, жоғары білікті персоналды талап ететін және еңбекті көп қажет ететін күрделі процесс екені баршаға мәлім.

Бүгінгі таңда Қазақстанда суға батқан кемелерді көтеруге арналған мамандандырылған ұйымдар жоқ екені белгілі. Тек екі қазақстандық компанияның («Батыс Энерджи груп», «Қазақтеңізкөлікфлоты») осы бағытта белгілі бір тәжірибесі бар, бірақ олар мамандандырылған компания емес.

Түсіндіріңізші, суға батқан кемені көтеруді осы заңды қабылдағаннан кейін қандай ұйымдар жүзеге асыратын болады? Сол екі қазақстандық компания ғана ма? Рақмет.

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Сұрағыңызға рақмет, Елдос Нұрболұлы.

Шынында да, бізде бүгінгі күні ондай мамандандырылған ұйымдар жоқ. Сіз айтып отырған осы салада жұмыс істейтін екі ірі компанияның негіз механизмдері бар. Алла сақтасын, ондай оқиғалар болмасын дейік. Каспий теңізі бойынша ондай жұмыстарды Ресейдің және Әзербайжанның компаниялары атқаратын. Бірақ біздің осы екі компания да ондай жұмыстарға дайын. Енді қалғандары қосыламын десе, оларға ешқандай шектеу жоқ.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Депутат Әлімбаев Данияр Кенғазыұлы.

ӘЛІМБАЕВ Д.К. Спасибо, уважаемый Ерлан Жаканович.

Уважаемый Каирбек Айтбаевич! Как мы знаем, по внешнему периметру у нас есть 48 автомобильных пунктов пропуска (в казахстанско-китайском, казахстанско-туркменском и других направлениях), на которых очень часто возникает скопление транспорта, что в настоящее время совершенно недопустимо.

Поэтому для решения данного вопроса депутатами предложено внедрить автоматизированную систему электронной очереди. Теперь пропуск транспортных средств через Государственную границу будет проводиться в автомобильных пунктах пропуска в порядке очередности, формируемой данной системой.

Скажите, пожалуйста, какова Ваша позиция по поправке депутатов и как быстро вы запустите подзаконные акты для решения проблемы скопления транспорта на пунктах пропуска, чтобы люди на границе почувствовали эффект от внедрения автоматизированной системы электронной очереди? Рақмет.

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Большое спасибо.

Действительно, это один из важных вопросов, потому что у нас периодически скапливаются большие очереди на пунктах пропуска.

Я хочу сказать, что в случае поддержки данного законопроекта мы будем обязаны принять нормативные акты в течение двух месяцев. Создание самой системы мы сейчас отрабатываем с Министерством финансов (дело в том, что данный вопрос курирует Министерство финансов, у которого уже есть опыт создания электронной очереди на границе с Хоргосом), есть ли технические возможности имплементировать это на все остальные пункты пропуска? Если такая техническая возможность будет, тогда создание этой инфраструктуры займет несколько месяцев. Если технической возможности не будет, обычно такие системы создаются в течение года.

Надо иметь в виду, что в идеальном варианте это пример наших центров обслуживания населения: мы приходим, у нас есть места для ожидания, на электронных гаджетах или экране видим, когда подходит очередь, и проходим. В случае с большими грузовыми машинами нам необходимо попутно создавать такую инфраструктуру (понятно, что это в один год невозможно сделать), чтобы такие же площадки были рядом,

чтобы они не мешали на пункте пропуска тем машинам, которые подошли в рамках своей очереди.

Это большая работа. Понятно, что она в один момент не сделается, но ее надо начинать, причем начинать немедленно.

ТӨРАҒА. Депутат Мусабаев Самат Базарбайұлы.

МУСАБАЕВ С.Б. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Қайырбек Айтбайұлы! Рейс тасымалдаушының кінәсінен кідірген жағдайда тасымалдаушылар жолаушылар алдында жауапты болады. Өзіңіз білесіз, депутаттар қолданыстағы заңға өзгерістер және жаңа нормалар енгізген болатын.

Қолданыстағы заң аясында, мысалы, рейстер он немесе одан да көп сағатқа кешіктірілген кезде тасымалдаушы жолаушыларды қонақүймен және ыстық тамақпен қамтамасыз ету керек болатын. Біз он сағат дегенді сегіз сағатқа қысқартуға ұсыныс бердік.

Кешіктірулер әуе тасымалдаушының кінәсінен болса, онда жолаушыларға әр сағатына билет құнының 3 пайызын, мысалы, бір сағат – 3 пайыз, екі сағат – 6 пайыз, ал егер он сағат кешіктірілсе, онда билет құнының 30 пайызына дейін айыппұл ретінде қайтарылуын қамтамасыз етуге норма енгізілген болатын. Осы мәселелер кішкене даудамай болды, бірақ өтті. Осыған енді министр ретінде Сіздің көзқарасыңыз қандай?

Екінші сұрақ. Егер әуе кемесі дайын болса, жолаушылар дайын болса, бірақ қандай да бір басқа кедергілер болса, мысалы, азаматтық авиация саласының уәкілетті ұйымы талаптарымен әуе кемесі ұшпай қалған жағдайда біз енгізген норма қолданыла ма? Рақмет.

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Самат Базарбайұлы, сіздер ұсынған өзгерістерді мен министр ретінде, жеке тұлға ретінде толық қолдаймын. Біз кәсіпкерлерді қолдаймыз, басқа мәселелерді қолдаймыз деп кейде адамды ұмытып кетеміз. Біздің басты мақсат – халықтың мүддесін қорғау. Сондықтан толық қолдаймыз. Бұл салада да тәртіп орнатуымыз керек, олардың да жауапкершілігін арттыруымыз керек. Біз осы саланың кәсіпкерлеріне бұл өзгерістерді толық жеткіземіз. Бұндай өзгерістер талқыланып жатыр, олар қабылданады, сондықтан дайын болыңыздар деп өз ұсыныстарымызды береміз.

ТӨРАҒА. Депутаттардың ұсынысы қолдау тауып отыр ғой, Самат Базарбайұлы? Жақсы. Иә, бұл қабылданса, жақсы өзгерістер болады.

Депутат Саиров Ерлан Бияхметұлы.

САИРОВ Е.Б. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Қайырбек Айтбайұлы! Жол төсемінің мерзімінен бұрын бұзылу себептерінің бірі автомобиль жолдарымен салмағы белгіленген шектен асатын жүк және ірі габаритті көліктің жүруі болып табылады.

Автомобиль жолдарының сақталуын қамтамасыз ету үшін депутаттар «өзіаударғыш» (самосвал), «рұқсат етілген ең жоғары масса» сияқты ұғымдарды енгізді

және рұқсат етілген жалпы массасынан асатын жүктерді самосвал автомобильмен тасымалдауға тыйым салуды белгілеу ұсынды. Бұл барлық жолдар мен елді мекендердің көшелеріне қатысты.

Біз аймақтарда көп боламыз, көріп жүрміз. Осындай ірі автомобильдердің жүретініне байланысты жолдардың көбі 1943 жылғы Сталинградтағы жол тәрізді.

Осыған байланысты депутаттардың түзетулері бойынша Сіздің ұстанымыңыз қандай? Бұл халықтың сұранысы. Сіз халықтың осы талабын қолдайсыз ба, жоқ па?

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Құрметті Ерлан Бияхметұлы, сіздердің ұсыныстарыңызды толық қолдаймыз. Қолмен істегенді мойнымызбен көтереміз деп жолдардың барлығын араладық, оған өзіміздің де көзіміз жетіп отыр. Астрахань мен Атырау арасындағы жолдарда жөндеу жұмыстары жүргізіліп жатыр. Батыс Қазақстанның жолдары, Қарағанды мен Алматының арасындағы жолдар, Алматы облысы мен Шығыс Қазақстан облысының арасындағы жолдар, яғни халықтың наразылығын тудыратын, шынында да, көңіл бөлетін жолдардың мәселесі бар. Бір жағынан жасап жатсақ, екінші жағынан қиратып жатады. Сондықтан осы өзгерістерге рақметімізді айтамыз. Осы өзгерістер арқылы біз автоматтандырылған жүйені де қосып жатырмыз. Біз бірінші Үкімет тарапынан ғана қосамыз ба деп едік, бірақ депутаттар жекеменшікті де осы өлшеу мөлшерлемелеріне қосу бойынша ұсыныс жасауда. Оны толық қолдап отырмыз. Өйткені жолдарымызды сақтау керек. Өзім осы өзгерістер үшін бірінші болып дауыс беремін.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Депутат Нақпаев Сәлімжан Жұмашұлы.

НАҚПАЕВ С.Ж. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Қайырбек Айтбайұлы! Жобада уәкілетті органға Қазақстан Республикасының аумағында жолаушылар пойызында вагондардың рельстен шығуына әкеп соққан теміржол көлігіндегі оқиғаларды тексеру бойынша құзырет беру көзделеді. Сондай-ақ уәкілетті орган құратын комиссия жолаушылар пойызында вагондардың рельстен шығуына әкеп соққан оқиғаларды тексеруді жүзеге асыратын болады. Алайда Қазақстан аумағы арқылы Қырғыз Республикасы, Өзбекстан Республикасы және Ресей Федерациясының жолаушылар пойыздары жүреді. Осыған байланысты келесі сұраққа жауап беруіңізді сұраймын.

Шет мемлекеттерге тиесілі жолаушылар пойызында вагондардың рельстен шығуына әкеп соққан оқиғалар жағдайында комиссия біздің заңнамаға сәйкес құрылатын бола ма немесе халықаралық шарттың нормаларын қолданатын бола ма? Егер халықаралық шарттар болса, онда қандай? Рақмет.

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Оқиға біздің жерде болғандықтан еліміздің заңы қолданылады, яғни заңымызға сәйкес олар талапты орындауы керек.

ТӨРАҒА. Депутат Рамазанова Ләззат Керімқұлқызы.

РАМАЗАНОВА Л.К. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

«Жолы болар жігіттің жеңгесі шығар алдынан» деген қазақта сөз бар ғой. Дәл менде бұл керісінше болып отыр. Күні кеше мына жерде әйел азаматтар шығып өздерінің үй жағдайын жеңілдетуге көмектесті деді. Бұл Сізге ұсыныс ретінде. Зейнеткерлік жасын қысқартыңдар деген азаматтармен бір жұмадай біз Тамара Босымбекқызымен бірге жұмыс жасап, осы мәселені бір шешімге келтірдік. Сондықтан осы әйелдермен де кездесіп, бұл мәселеге нүкте қояйықшы. Мен кешегі болған дүниені айтып отырмын.

Менде заң жобаның 30-бабы бойынша сұрағым бар. Алматы облысында жаңадан құрылған кооператив мүшелері, оның ішінде 150 әйел азаматтар аз қамтылған отбасылардан екен. 30-бапта біздің ұлттық оператордың мәртебесі өзгеріп жатыр. Жалпы, жол бойындағы объектілерге «Қазжол» ұлттық операторымен тек жағдай жасалады, ал енді оны бақылау және оның жұмысын нақты қадағалау бұл мемлекеттің құзыретінде болу керек қой. Осы тыс қалмай ма?

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Шынында да, жол бойында қызмет жасайтын объектілер туралы халық көп айтады. Рас, жұрттан ұят. Оған біз министрлік тарапынан үлкен бағдарлама жасап, жұмысты атқарып жатырмыз. Мәдениет және спорт министрлігімен келісім жасаудамыз. Біз құрылысшы ретінде саламыз, ал оны ары қарай алып кету біздің тікелей құзыретімізге жатпайды. Негізі туризм сол министрліктің құзыретіне жатқандықтан соларға береміз бе деп отырмыз. Оның жолын тауып, бір шешімге келеміз. Масштабировать это строительство в основном надо за счет частных инвестиций. Только за счет государственных инвестиций это делать бессмысленно.

Другой вопрос – предусмотреть меры стимулирования для реализации данной масштабной программы. Мы сейчас на этом вопросом думаем.

РАМАЗАНОВА Л.К. То есть получается, вы инженерные сети подводите, дальше работу продолжаете, а женские придорожные кооперативы, которые создаются, идут...

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Да.

ТӨРАҒА. Депутат Паяев Айбек Мінаймбекұлы.

ПАЯЕВ А.М. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Қайырбек Айтбайұлы, өзіңіз білесіз, жол мемлекетте экономиканың дамығанын көрсетеді. Менің Сізге сұрақтарым бар.

Бірінші сұрақ. 2021 жылдың қорытынды бойынша теміржол тасымалдау саласында тасымалдау процесінің қатысушылары 853 қозғалыс қауіпсіздігін бұзған. Одан халық зардап шегеді, тасымалданатын мүлікке залал келеді. Осы бағытта қандай қадағалау жұмыстары бар?

Екінші сұрақ. Бізде Көлік прокуратурасы бар, олар тек әуежайдағы, теміржолдағы мәселелерді талдайды, бірақ автожолдағы мәселені талдамайды. Нәтижесінде автожолдағы стационарлардың барлығы жұмыс істемейді, жүк көлігінің көптігінен барлық жолдар бұзылуда, ол көліктер көбіне түнде жүреді. Жолға миллиардтаған ақша

бөлеміз, оны жыл сайын жөндеп жатамыз. Осы бағытта қандай жұмыстар бар. Көлік прокуратурасының құзыретін кеңейтетін мәселе заң жобасында қарастырылған ба?

Бұл заң жобасына қатысы жоқ, бірақ өзіңізді көргеннен кейін айтып отырмын. 1 маусым Балалар күні. Нұр-Сұлтан қаласына бөлінген субсидия көп, соны пайдаланып тасымалдаушылар кәмелетке толмаған балаларды тегін алып жүреді екен. Неге сондай мәселе басқа қалаларда қарастырылмаған? Неге оны комитет реттемейді? Осы бағытта қандай жұмыстар бар? Рақмет.

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Рақмет. Үлкен мәселелерді көтеріп отырсыз. Біздің министрлікке қарайтын Көлік комитетіне сұрақтар көп. Бұрын біз МАИ қызметкерлеріне ренжуші едік, енді бір-екі ай сайын біздің қызметкерлердің біреуі ұсталынып жатыр. Сондықтан біз өзгерістер енгізіп, цифрлық платформа құрып жатырмыз. Жол бойында біздің мамандар болмауы керек. Оны үш бағытта жасап отырмыз. Жаңа айтып кеткенімдей, массасы 12 тоннадан асатын көліктер міндетті түрде өлшеуден өтуі керек. Сол бойынша жұмыс жасап жатырмыз. Сондай өлшеу мөлшерлемелерін жасауға жекеменшік кәсіпкерлерді де қосамыз, олар біздің орталық серверге тіркеледі. Жүк тасымалдайтын осындай көлік электронды түрде жүкқұжатын біздің органның серверіне жібереді. Сонда ірі жүк көлігі бейнебақылаудан өткеннен кейін біздің серверден көрінеді, ол жүк көлігі өлшенді ме, жүкқұжаттары орталық серверге басылды ма деген мәліметтер. Егер екі жағы да басылмаса, ол автокөліктің иесіне «Сергек» жіберетіндей айыппұл келеді. Оның артынан саған айыппұл беремін, бермеймін деп адам жүгірмейді. Осы жұмысты биыл қыркүйек айында бітіріп, енгізбекшіміз. Депутаттарға рақмет, ол өзгерістер заң жобасына енгізілді.

Тасымалдау туралы айтып кеттіңіз. Адамға қауіп келетін немесе басқа да ірі жағдайлар болса, біз тексеретінбіз, ал енді орта деңгейдегі жағдайларды «Қазақстан темір жолы» өздері тексеретін. Бірақ заңға өзгеріс енгізіліп отыр, мысалы, жолаушылар пойыздары бойынша қандай іс қозғалса да оған уәкілетті орган тексеру жүргізуі керек. Шағын іс қозғалып, оны тездетіп жауып өткізе берсе, ертең ол үлкен мәселені тудырады, өйткені ол адам өмірінің қауіпсіздігіне байланысты, сондықтан өзіміз тексеретін боламыз.

Үшінші мәселе бойынша. Ол жергілікті әкімдіктердің құзыретінде. Біз Нұр-Сұлтан қаласының бастамасын қарастырып, басқа жергілікті әкімдіктермен осы мәселені талқылаймыз.

ТӨРАҒА. Көлік прокуратурасы сіздердің құзырларыңыздағы мәселе емес қой?

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Жоқ, біздің құзырымызда емес.

ТӨРАҒА. Депутат Паяев.

ПАЯЕВ А.М. Заңды қараған кезде біз басқа заңдарға тиісті өзгеріс енгізуіміз керек.

ТӨРАҒА. Онда ұсыныс беріңіз, заңға ұсыныс енгізуге бастамашы болыңыз.

ПАЯЕВ А.М. Жақсы.

ТӨРАҒА. Ертаев Сырым Махамбетұлы.

ЕРТАЕВ С.М. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Қайырбек Айтбайұлы! Осы заң жобада жолаушыларды автомобильмен тұрақты тасымалдауды жүзеге асыратын тасымалдаушыны және қауіпті жүктерді тасымалдайтын автокөлік құралдарын шұғыл қимылдайтын жедел қызметтерді шақыру құрылғыларымен жабдықтау көзделеді. Яғни бұндай құрылғылар 2016 немесе 2017 жылдан бастап шыққан автобустарда зауытта қойылады, ал ескі автокөліктерде бұндай құрылғылар қойылмайды. Бізде бір облыстан екінші облысқа тасымалдайтын автобустар он жыл бұрын шығарылған. Жаңа автобустармен салыстырсақ, олар 50 пайыздан көп деуге болады. Бүгінгі таңда бұл көлік құралдары осы құрылғылармен жабдықталған. Енді осы нормалар қабылданған жағдайда автокөлік құралдарының иелері немесе меншік иелері оларды алып тастай алады. Егер жол-көлік оқиғалары орын алатын болса, онда жедел шақыру қалай болады? Сондай кезде адамдарды құтқару үшін қандай іс-әрекеттер қабылданады?

ӨСКЕНБАЕВ Қ.А. Еуразиялық экономикалық одақ бойынша барлық құжаттамалар бір тәртіпке келтіріліп, өзгерістер енгізіліп жатыр. Сіз айтқан бапта ақпараттық жүйелер белгіленген, жалпы, ол ұғымдық аппараттың ішінде бар, сондықтан бір ақпараттық жүйеде. Негізі біз жасап жатқан өзгерістер Еуразиялық экономикалық одақ елдері бойынша бір жүйеге келтіріліп отыр. Негізі бұл жүйелер түгел қалады, бірақ бір заң бойынша тіркелген.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Рәсім бойынша – депутат Әбілдаев.

ӘБІЛДАЕВ А.Р. Сұрақтар қайталанып жатыр. Осымен сұрақ қоюды тоқтатып, жарыссөзге көшуді ұсынамын.

ТӨРАҒА. Ұсыныс түсті. Қарсылық болмаса, депутат Әбілдаевтың ұсынысын дауысқа қоямын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 95, «жақтағандар» – 90, «қарсылар» – 3, «қалыс қалғандар» – 1. Көпшілік дауыспен депутат Әбілдаевтың ұсынысы өтті.

Қайырбек Айтбайұлы, рақмет. Орныңызға отырыңыз.

Енді қосымша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық реформа және өңірлік даму комитетінің төрағасы депутат Рау Альберт Павловичқа беріледі.

РАУ А.П. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер! Проект Закона Республики Казахстан «О внесении изменений и дополнений в некоторые законодательные акты Республики Казахстан по вопросам

транспорта» разработан в целях совершенствования законодательства в области транспорта.

Законопроект предусматривает внесение изменений и дополнений в 11 законодательных актов, включая 2 кодекса и 9 законов.

Министр доложил достаточно подробно. Я хотел бы остановиться только на двух моментах.

Первое – повышение эффективности государственного управления в сфере гражданской авиации. Это касается Авиационной администрации, в том числе отработывали поправки, связанные с антикоррупционными действиями этих инспекторов.

Что касается серых списков. Да, сегодня авиакомпании ведут серые списки, но в законодательстве данный вопрос не был урегулирован. Мы смотрели с той точки зрения, что это право авиакомпаний вести или все-таки по решению суда. Депутаты склоняются к тому, что только после вступления в силу решения суда могут вноситься в эти серые списки.

В ходе рассмотрения законопроекта внесено 466 предложений, принято 319 поправок, нацеленных на усиление подходов, предусмотренных концепцией к законопроекту. Депутатами внесены такие поправки, как:

освобождение ветеранов Великой Отечественной войны от платы за пользование платными автомобильными дорогами;

децентрализация продажи проездных билетов на железнодорожном транспорте;

установление штрафа за каждый час задержки перевозки пассажиров на воздушном транспорте по вине авиаперевозчика;

внедрение автоматизированной системы электронного бронирования, о чем тоже говорилось сегодня, для въезда грузовых транспортных средств в пограничные пункты.

Все поступившие предложения были обсуждены на заседаниях рабочей группы, расширенном заседании комитета с участием представителей заинтересованных государственных органов, общественных и экспертных организаций.

Всеми комитетами Мажилиса по законопроекту представлены положительные заключения.

Уважаемые коллеги, Комитет по экономической реформе и региональному развитию просит поддержать данный законопроект в первом чтении.

Рабочая группа продолжит свою работу в рамках подготовки законопроекта ко второму чтению. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Әріптестер, енді заң жобасын талқылауға көшеміз. Сөз депутат Ертаев Сырым Махамбетұлына беріледі.

ЕРТАЕВ С.М. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер! Ұсынылып отырған заң жобасы көлік саласындағы бірқатар маңызды мәселелерді шешеді.

Біріншіден, жоғарыда айтылғандай, жол төсемінің бұзылу себептерінің бірі – автомобиль жолдарымен жүк және ірі габаритті көліктің жүруі. Және әлемдік тәжірибе

негізінде көлік құралдарының салмақтық және габариттік параметрлерін өлшеуге автоматтандырылған өлшеу станцияларын енгізу осы проблеманың өзекті шешімі болып табылады.

Екіншіден, теміржол көлігі қауіптілігі жоғары аймақ болып табылады және онда әртүрлі көлік оқиғалары болып тұрады. Сондықтан уәкілетті органның жолаушылар пойызындағы апаттар мен аварияларға, сондай-ақ вагондардың шығып кетуіне алып келген оқиғаларға тергеп-тексеру жүргізу жөніндегі құзыретін кеңейту уақытылы және қажетті норма болып табылады.

Үшіншіден, азаматтық авиация саласында да ұшу қауіпсіздігі мен авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған бірқатар түзетулер қарастырылған, мысалы, 15 километр радиуста ауыл шаруашылығы қызметін жүзеге асыру үшін рұқсаттарды алу.

Сонымен қатар авиакомпаниялардың әуе тасымалы шектелген тұлғалардың тізілімі енгізіледі. Бұл норма ұшу кезінде ұшақ бортында ықтимал оқиғалардың елеулі салдарларын болдырмауға мүмкіндік береді. Бұл ретте мұндай шектеулерді енгізу соттың қаулылары немесе үкімдері негізінде ғана жүзеге асырылуға тиіс.

Сондай-ақ авиация инспекторларына қызметтік міндеттерін орындау кезінде бірқатар шектеулер белгіленеді. Бұл жеке және заңды тұлғалардың ұшу қауіпсіздігі және авиациялық қауіпсіздік талаптарын сақтауына тексеру жүргізу кезінде олардың жауапкершілігін күшейтеді.

Төртіншіден, сауда мақсатында теңізде жүзу саласындағы ұлттық заңнаманы Қазақстан Республикасы қатысушысы болып табылатын Суға батып кеткен кемелерді жою туралы 2007 жылғы Найроби халықаралық конвенциясының талаптарына сәйкес келтіру теңізде жүзу қауіпсіздігін және теңіз ортасын қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Жалпы, заң жобасында Қазақстанның көлік саласындағы заңнамасын жетілдіруге бағытталған маңызды және өзекті нормалар бар.

Құрметті әріптестер! Мен бұл заң жобасын толық қолдаймын және оны бірінші оқылымда қолдауды ұсынамын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Заң жобасы онсыз да өтейін деп тұр. Егер ұсыныстарыңыз болса, сөйлеңіздер. Жалпы, қолдау үшін сөйлеудің қажеті жоқ деп ойлаймын.

Мыңбай Дархан Қамзабекұлы. Ұсынысыңыз бар ма?

МЫҢБАЙ Д.Қ. Рақмет.

Ерлан Жақанұлы, ұсынысымыз бар, босқа сөйлегіміз келмейді ғой. Сұрақтан қағып тастағандарға қарамай сөз бергеніңіз үшін рақмет Сізге.

Ертең біз референдум бойынша елдің алдына тағы барамыз, сол кезде біз халықтың үнін, тұрғындардың тілегін еститін мемлекет құрып жатырмыз деп түсіндіреміз.

Бұл бүгін ғана емес, үш айдан бері айтылып жатқан мәселе. Біз 27 ақпанда ұсыныс бергенбіз, сол ұсынысымызға не министрлік, не теміржолдың басшылары қыңқ етпеді. Ертең халықпен кездесуге барғанда бұл мәселе тағы алдымыздан шығады, сондықтан бүгін айтпасам болмайды деп шештім.

Бұл заң жобасын қолдаймын және әріптестерімді қолдауға шақырамын, бұл өте қажет. Уәкілетті органнан да халықтың үні бізге биік деп ойлаймыз.

Түркістің салынғанына 90 жыл болды. Содан бері көліктің саны 90 есе көбейді, халықтың саны төрт-бес есе көбейді. Түлкібас кентінде ортақ өткелде 50 мыңнан астам адам, 11 елді мекен күнделікті кептелісте тұрса қандай экономика, қандай қауіпсіздік, қандай автоматтандыру, қандай бейнебақылау болады, апаттан, авариядан қалай сақтанамыз? Барлық сала дамып жатыр, теміржол тоқырап қалғандай. Үш айдан бері хабарласа алмай жүрміз. Халықтың тіршілігіне қолдан тежеп, кедергі жасауға болмайды ғой. Сайрам ауданындағы Тассай елді мекенінде де дәл сондай жағдай. Бір өткелден жаяу жүргінші де өтеді, көлік те өтеді. Бұның барлығын біз айтпай тұра алмаймыз. Әсіресе жедел жәрдем мен өрт сөндірушілер көлігіне кедергі болса, адам өміріне кім жауап береді? Біз бұл жерде автоматтандыру туралы, басқаны айтып жатырмыз. Ертең халықтың алдына барғанымызда айтпай ма, алдарыңызда министр тұрды, неге сұрақ қоймадыңыздар деп. Сондықтан халықтың үнін еститін мемлекет туралы біздің сөзіміз дәлелді болса, осы мәселелердің бәрін министрлік ескеру керек қой деп ойлаймын. Және баспасөзге де жаздық, бірақ жауап жоқ, мынау не мәселе деп те сұрамайды. Ортақ шаруа шешіп жатқаннан кейін бұл дұрыс емес деп ойлаймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Депутат Жаңбыршин Еділ Терекбайұлы.

ЖАҢБЫРШИН Е.Т. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті әріптестер, Дархан Қамзабекұлы өте дұрыс айтып отыр, кеше елге бардық, оның алдында да бардық, ел мәселелер көтеруде, Парламентте айтыңдар, министрлерге жеткізіндер деп. Сондықтан біз осы жерде халықтың мұң-мұқтажын жеткізу үшін микрофон тетігін басып отырмыз.

Министрге сұрақ қояйын деп едім, болмады, енді бұл мәселені жарыссөзде жеткізуге тура келді.

Бұл заң жобасында жаңадан көптеген мәселелер қарастырылуда. Мысалы, республикалық, халықаралық дәрежедегі жолдардың бойында жүк көліктерді өлшейтін автоматтық жүйелер құрылады. Сонымен қатар жолдың айналасына сервистік қызмет көрсететін инфрақұрылымдар жасақтауымыз керек. Бұның бәрі қосымша қаржы және бюджетке түсетін жүктеме.

Өздеріңіз білесіздер, біз жаңа Қазақстан құрамыз деп жатырмыз, халық соны сезінгісі келеді, әсіресе кәсіпкерлер. Кеше бәсекелестікті қорғайтын агенттік үлкен бір жұмыс жүргізді. Елімізде жол битумын жасайтын «Каспийбитум» деген жалғыз мекеме бар. Ол мекеме делдал арқылы битумды сатып отырды. Ортада делдал бар. Ол делдал бағаны негізсіз 30 пайызға көтеріп отырды. Енді осы ортадағы делдалды алып тастады. Қайырбек Айтбайұлы, «Каспийбитумнан» шығатын битумның бағасы 30 пайызға арзандай ма, арзандамай ма? Егер арзандататын болсақ, онда бюджеттен шығатын қаржы үнемделеді, ал ол қаржыны инфрақұрылымдарға жұмсауға болады. Осы мәселені агенттікпен бірге қадағалауға алу керек. Жол деген өте қымбат. Өзіңіз білесіз, Батыс Қазақстан облысында жолдың 45 пайызы ғана жасалынған. Битумның бағасын арзандату

арқылы бюджетке түсетін жүктемені азайтып, керісінше жолға жұмсалатын қаржыны көбейте аламыз. Бұл бір мәселе.

Екінші мәселе теміржолға байланысты. Мен «Қазақстан темір жолына» бірнеше рет хат жаздым. Саурамбаев деген тіпті хабарласпайды, келмейді. Сіз ол мекемені қадағалайсыз. Маңғыстау станциясы мен Бейнеу станциясы теміржолшыларының айлығы екі түрлі, еке станцияның арасы 470 километр. Кеңес өкіметінен қалған нормативтік құжаттар бар, әлі күнге дейін соған сүйенеді, дискриминация бар. Теміржолшылар бірнеше рет мәселе көтерді, Президентке дейін шықты, бірақ «Қазақстан темір жолы» басын құмға тыққан түйеқұс сияқты әлі күнге дейін жауап бермей отыр. Осы мәселені реттесеңіз дұрыс болар еді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Бейсенбаев Елнұр Сабыржанұлына беріледі.

БЕЙСЕНБАЕВ Е.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Министр мырза, Сіз жаңа өз сөзіңізде енді кейбір әуе жолаушыларының ұшуына шектеу қойылатын тізім жасалынады дедіңіз. Жалпақ тілмен айтсақ, «қара» тізім. Оның негіздемесі азаматтардың әкімшілік немесе қылмыстық құқық бұзушылыққа барған жағдайда дедіңіз. Яғни бір азамат әкімшілік құқық бұзушылық жасайтын болса, мысалы, ұшақта тыныш отырмаса, онда соның негіздемесінде кез келген әуе компаниясы шешім қабылдап, оны шектеу тізіміне енгізуге құқылы. Құрметті министр мырза, меніңше, бұл ол азаматтың конституциялық құқығын шектеу. Жылына Қазақстан бойынша 70 мыңнан астам авиарейс 15 миллионға жуық жолаушылар тасымалдайды. Ал Сіздің сөзіңізше, 2021 жылы 800, ал 2022 жылдың төрт айында 400 ғана құқық бұзушылық болған. Егер мына көрсеткіштеріңіз рас болса, онда біздің әуе жолаушыларымыз, менің ойымша, өте мәдениетті. Сондықтан осы норманы жан-жақты талдау керек. Тек соттың шешімімен ғана қарастыру керек деп есептеймін. Әйтпесе біз бір азаматты әкімшілік құқық бұзушылық бойынша, мысалы, 15 айлық есептік көрсеткіш айыппұл төлеттіреміз, содан кейін оны «қара» тізімге енгізбекшіміз. Жаңа Қазақстан, ашық әрі әділетті қоғам құруда бір азаматты бұлай екі рет айыптау шектен шығу деп есептеймін. Ертең ол критикалық массаның көбеюіне әкеледі. Екінші оқылымға дейін осы ұсынысты қарастыруларыңызды сұраймын. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Әлтай Аманжол Дүйсенбайұлына беріледі.

ӘЛТАЙ А.Д. Рақмет, Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Қайырбек Айтбайұлы! Біздің кеше ғана өңірлерде халықпен кездесіп келгенімізді білесіз. Сізге Жаңаарқа ауданы халқының аманатын, өтінішін жеткізуді жөн көріп отырмын. «Жезқазған – Қарағанды» бағытындағы жолды жөндеуден өткізуді қолға алып жатқандарыңызды білеміз. Жаңадан ашылып жатқан Ұлытау облысы экономикасының дамуы үшін бұл жолды күрделі жөндеуден өткізу аса маңызды екені белгілі. Сіздер Атасу кентінің іргесінен өтетін жолды айналып өтетін жаңадан айналма

жол салуды жоспарлап отыр екенсіздер. Халықтың тілегі бойынша Атасу кентіне соқпайтын айналма жол салу міндетті емес деп ойлаймыз. Өйткені Атасу кентінің іргесінде шағын бизнеске негізделген қаншама бизнес нүктелері бар. Егер Атасу кентіне соқпайтын айналма жол салсаңыздар, біріншіден, қосымша бюджетке салмақ түседі, екіншіден, сол жолдың бойындағы 200-ге тарта бизнес нүктелерінің тіршілігі тоқтайды. Ауданның негізгі тіршілік көзі шағын бизнес болғандықтан, бұрынғы бағытты өзгертпей, жаңадан айналма жол салу шешімін өзгертсеңіздер деген тілек бар. Сондай-ақ ауданның негізгі төрт түлік малының өрісі сол бағыт болғандықтан жайылым өрісіне де зиян келеді. Сондықтан кенттің іргесінен өтетін бұрынғы жолды қалдырсаңыздар деген тілек айтқымыз келеді. Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз Әшімжанов Жанарбек Садықанұлына беріледі.

ӘШІМЖАНОВ Ж.С. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Құрметті Қайырбек Айтбайұлы! Жылдың басында Алматы облысындағы жолдардың мәселесін өзіңізбен талқыладық, ол бойынша біраз жоба-жоспарларыңызды айттыңыз.

Күні кеше біз елден келдік. Осы жалпы отырыстан шыққаннан кейін тіке Алматыға барып, одан кейін түнімен жол жүріп отырып Нарынқолға жетуіміз керек, таңертең сағат тоғызда боламыз. Сол кезде бізден кеше жолдың бастығын көрдің, оның заңын қолдап қайттың, оларға біздің мәселені жеткіздің бе деп сұрайды. Кеген мен Нарынқолдың арасындағы жолға Сіз мамандарыңызды жіберіңіз, мамандарыңыз жүріп көрсін. Қазақстандағы төрт тарап жолға жауапты «Қазавтожол» ұлттық компаниясының басшылығына жолды білетін маманды қою керек. Кеңсесінде отырып әлемдегі жолдарды бақылайтын емес, Қазақстандағы жолдарды бақылайтын мамандар керек. Оны біз сіздерге өткенде кездескенде де айттық.

Кеген мен Нарынқол арасындағы жол Қонаев ақсақалдың заманында салынған. Тас дәуіріндегі жол. Оны өздеріңіз барып көріңіздер. Елдің машинасы қирап, жолда қалып жатыр. Олар машинасын жөндеуге қаншама қаражат салып жатыр.

Қаржысы бөлінген Қайқы асуындағы жол тоқтап қалды. Халық қызыл аяқ қыр кешіп, жалаң аяқ жар кешіп үнін Үкіметке жеткізе алмай жүр. Мамандарыңыз елге барсын, тіпті депутаттармен бірге барсын. Біз референдумның ғана шаруасымен жүрген жоқпыз, одан бөлек әлеуметтік маңызы бар мәселелер бойынша да барып жүрміз. Сондықтан халықтың бетіне Үкімет те, депутат та тура қарасын десек, қазір жұмыстарды жеделдетіп жасауымыз керек.

Сізге Жаркенттегі Көктал жолы да айтылды, ол да тоқтап тұр. 2023 – 2024 жылдарға жоспарладық деп отырсыздар. Бірақ қазір кезегін күттірмейтін Кеген мен Нарынқол арасындағы жол. Күйреген, қираған аудан еді, Мемлекет басшысы кезінде ашып берді. Ретке келіп жатыр дейміз, бірақ ең алдымен оның жолын ретке келтіруіміз керек. Біз саяси жолмен қатар адамдар жүретін жолды да өзгертейік. Сол кезде халықтың көзіне тура қараймыз.

ТӨРАҒА. Әріптестер, біз заң жобасын талқылап отырмыз, Регламент бойынша із заң жобасын қарауымыз керек. Бұл заң жобасында жолаушыларға қолайлы жағдай туғызатын өте жақсы нормалар қабылданды. Оны мойындауымыз керек, оны айтуымыз керек.

Мен көтеріліп жатқан мәселелерді түсініп отырмын. Елге барып келдіңіздер, көп мәселені көріп келдіңіздер. Мен де елге барып келдім, халық көп мәселелер көтерді, оның бәрін білеміз. Енді екінші толқынды өткізіп келгеннен кейін осы мәселелер бойынша Үкімет сағатын өткізу керек шығар деп ойлаймын. Сол жерде осы мәселелерді жан-жақты қарайық. Қайырбек Айтбайұлы, соған дайындалыңыздар. Оған басқа да министрліктерді шақыру керек. Көлік мәселесі бойынша, жол мәселесі бойынша, оның ішінде әуе қатынасы бойынша көп сұрақтар бар. Жол мәселесі ол мәңгі мәселе.

ОРНЫНАН. Денсаулық сақтау мәселесі де.

ТӨРАҒА. Денсаулық сақтау мәселесі ме? Оларды да шақырайық. Онда өңірлерге барып келгеннен кейін біз жол мәселесін ғана емес, халықтың көтерген басқа да мәселелерін, мұң-мұқтаждарын Үкіметпен бірге талқылайық. Келістік қой? Келістік.

Сөз депутат Перуашев Азат Тұрлыбекұлына беріледі.

ПЕРУАШЕВ А.Т. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Уважаемые коллеги, в целом рассматриваемый законопроект хорошо проработан рабочей группой, поднят ряд наиболее проблем, о которых мы сейчас говорим. В то же время есть вопросы, которые требуют доработки и более ответственного отношения со стороны разработчика.

К сожалению, уполномоченный орган в лице Комитета гражданской авиации долго уклонялся от обсуждения нашей поправки. Видимо, рассчитывал, что проблема рассосется сама собой. Только вчера после серьезного разговора в Комитете по экономической реформе и региональному развитию они пришли ко мне и пытались убедить, что все хорошо. Ничего хорошего, господа руководители Комитета гражданской авиации! Поясню, в чем суть нашего спора.

В законопроект вносится статья 16-10 «Финансирование деятельности уполномоченной организации в сфере гражданской авиации». Речь идет об Авиационной администрации. КГА предлагает закрепить, что финансирование услуг уполномоченной администрацией осуществляется за счет платежей физических и юридических лиц. Цитирую: «Эти платежи должны быть достаточными для возмещения расходов и безубыточности ее деятельности». Еще есть слова «правила» и «открытость бюджета».

Подождите, а почему в законе предлагается закрепить исключительно права Авиационной администрации на безубыточные платежи и ни слова о правах бизнеса, который эти платежи должен платить? Это прямой конфликт интересов.

КГА ссылается, что требования безопасности – это приоритет. Полностью согласен. Это приоритетное требование, но оно не единственное. Можно вообще запретить всем летать, и тогда авиация будет совсем безопасной. Но ведь задача не в этом. Задача в развитии отрасли. Но тогда в отношениях между регулятором и бизнесом должен

быть баланс. Если мы говорим о безубыточности Авиационной администрации, то давайте зафиксируем и права субъектов, которых она регулирует.

Например, при взимании платежей должны учитываться их законные интересы, иначе это не услуга, а узаконенное вымогательство, чего много развелось в последнее время.

Мне говорят, что все это будет в правилах, и отказываются даже искать приемлемые формулировки. Извините, закон важнее правил. В правилах вы расписываете детали, а принципы регулируемых отношений должны закрепляться в законе. Значит, финансирование администраторов должно учитывать и показатели деятельности субъекта бизнеса, его объемы, дисциплину в той же безопасности и так далее. Но даже такое упоминание об учете характеристик предприятий в отношениях с регулятором разработчик не хочет включать, а без этого вы лишаете бизнес даже теоретической возможности защищать свои права, если они вдруг окажутся нарушенными. Это позиция бюрократов, а не рыночного государства.

Мы поддерживаем законопроект в первом чтении, но требуем выработать сбалансированный подход в данном вопросе до второго чтения.

Благодарю за внимание.

ТӨРАҒА. Спасибо.

Құрметті әріптестер, заң жобасын бірінші оқылымда мақұлдау жөнінде ұсыныс түсті. Қарсылықтарыңыз жоқ болса, осы ұсынысты дауысқа қоямын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 98, «жақтағандар» – 98. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 99, «жақтағандар» – 99. Қаулы қабылданды.

Шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым). Бұл мәселе бойынша сөз Экология мәселелері және табиғат пайдалану комитетінің мүшесі депутат Тұрғанов Дүйсенбай Нұрбайұлына беріледі.

ТҰРҒАНОВ Д.Н. Құрметті Ерлан Жақанұлы! Құрметті әріптестер! Заң жобасының мақсаты энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласында 2025 жылға қарай жалпы ішкі өнімнің энергия сыйымдылығын 25 пайызға төмендету бойынша жүргізіліп жатқан саясаттың түпкілікті нәтижесіне қол жеткізу болып табылады.

Қаралып отырған заң жобасын Парламент Мәжілісі 2021 жылғы 13 қазанда бірінші оқылымда мақұлдады.

Екінші оқылымға заң жобасымен жұмыс барысында депутаттар:

Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілерінің су тұтыну мониторингі бойынша нормаларды сақтауға;

Мемлекеттік энергетикалық тізілім субъектілерінің тізбесін кеңейтуге;
міндетті энергия аудитінің орнына экспресс-энергия аудитін жүргізу шарттарын жеңілдетуге;

бақылау субъектілеріне бармай профилактикалық бақылау жүргізу тәртібін нақтылауға;

энергия үнемдеу және энергия тиімділігін арттыру саласындағы хабарлама беру тәртібін нақтылауға;

энергия аудиторының құқықтары мен міндеттерін белгілеуді көздейтін жеке бап енгізуге бағытталған түзетулер енгізді.

Депутаттар «Электр энергетикасы туралы» және «Табиғи монополиялар туралы» Қазақстан Республикасының заңдарына отынның баламалы түрі ретінде газды пайдалану арқылы генерациялайтын қондырғыларды сала отырып, жаңғыртуға, реконструкциялауға және (немесе) кеңейтуге инвестициялық келісімдер жасасуды көздейтін түзетулерді жеке блокпен енгізді.

Жоғарыда аталған түзетулерді қабылдау көмір энергия көздерінің қызметінен қоршаған ортаға жағымсыз экологиялық әсерді төмендетуге мүмкіндік береді.

Көмірсутектердің дәстүрлі емес түрлерін барлауды ынталандыру мақсатында депутаттар «Жер қойнауы және жер қойнауын пайдалану туралы» Қазақстан Республикасының кодексіне жер қойнауын зерделеу жөніндегі уәкілетті органға кен орындарының қорлары мен болжамды ресурстарды сыныптау әдістемесін, пайдалы қазбалардың, оның ішінде дәстүрлі емес көмірсутектерге жатқызылатын қорларды есептеу жөніндегі нұсқаулықты әзірлеу мен бекіту жөнінде құзыреттер беретін түзетулер енгізді.

Сондай-ақ «Алматы қаласының ерекше мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына Алматы қаласының мәслихаты мен әкімдігінің өкілеттіктерін Алматы қаласындағы сыртқы жарықтандыру жүйелерін пайдалану қағидаларын бекіту, азаматтар көп жиналатын жерлерде бейнекамералар орнату және бейнебақылау мониторингін жүргізу, қаланың фонтан шаруашылығын ұстау және оған техникалық қызмет көрсету жөніндегі қағидаларды бекіту бойынша толықтыруға, көппәтерлі тұрғын үйлерді күрделі жөндеу бойынша арнайы жалпықалалық шот құруға бағытталған түзетулер енгізді.

Заң жобасын қарау шеңберінде презентация, жұмыс тобының он үш отырысы және бас комитеттің кеңейтілген екі отырысы өткізілді. Жұмыс тобына 120-дан астам түзету келіп түсті, олар мүдделі министрліктердің, ведомстволардың, сарапшылардың және энергия-аудиторлық ұйымдардың пікірлері ескеріле отырып пысықталды. Қорытынды салыстырма кестеде қабылданбаған түзетулер жоқ.

Мәжілістің барлық комитеттері осы заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Заң жобасын мақұлдауды және Сенаттың қарауына жіберуді ұсынамын.

Қолдауларыңызды сұраймын.

ТӨРАҒА. Рақмет, Дүйсенбай Нұрбайұлы.

Әріптестер, бас комитеттен заң жобасын мақұлдап, Сенаттың қарауына жіберу туралы ұсыныс түсті. Басқа ұсыныстарыңыз жоқ болса, осы ұсынысты дауысқа қоямын. Дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 99, «жақтағандар» – 99. Шешім қабылданды.

Енді қаулының жобасы бойынша дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 98, «жақтағандар» – 98. Қаулы қабылданды.

Шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті әріптестер, күн тәртібіндегі барлық мәселелерді қарап болдық. Енді депутаттық сауалдарды жариялауға көшеміз.

ТӨРАҒА. Сөз Линник Андрей Григорьевичке беріледі.

ЛИННИК А.Г. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Депутатский запрос фракции «Ак жол» адресован Генеральному Прокурору.

«Республика Казахстан в рамках ЕАЭС развивается в условиях единой таможенной территории. Одним из условий эффективного функционирования является унификация законодательства стран в соответствующей отрасли.

Для соблюдения данного условия 5 июля 2010 года между Казахстаном, Россией и Беларусью подписан Договор об особенностях уголовной и административной ответственности за нарушение таможенного законодательства, согласно пункту 2 статьи 3 которого каждая сторона обязалась принять меры по внесению изменений в свое законодательство, предусматривающее уголовную и административную ответственность за нарушение законодательства как Таможенного союза, так и каждой из сторон, а также привести к единообразному определению противоправность процессов.

Как всем известно, согласно Конституции Республики Казахстан международные договоры, ратифицированные республикой, имеют приоритет перед ее законами.

Данный договор был ратифицирован 8 декабря 2011 года.

К примеру, в настоящее время из Уголовного кодекса Российской Федерации исключена статья 188 «Экономическая контрабанда» и постановлением Конституционного Суда Российской Федерации №15 от 13 июля 2010 года признана неконституционной.

Кроме того, во многих ведущих странах Европы товарную контрабанду рассматривают не как уголовное преступление, а как финансовое правонарушение в целях уклонения от уплаты налогов и таможенных сборов и за подобные правонарушения применяются не уголовные, а финансовые наказания, подвергая нарушителей конфискации незаконно ввезенного товара и штрафу от его оценочной стоимости.

Партия «Ак жол» всегда была приверженцем реализации европейского подхода в правовой оценке экономической контрабанды. В своих многочисленных запросах мы выступали за перевод ответственности предпринимателей в финансовую плоскость, например, в отношении экономической контрабанды, к которой относится незаконный

ввоз товаров, находящихся в свободном обращении на рынке, и прежде всего товаров народного потребления.

В то же время ужесточение штрафов по остальным видам нарушений до 2-3-кратной стоимости контрабандного товара было бы гораздо более выгодным шагом для государства, чем содержать и кормить очередного заключенного.

Сами представители таможенных органов не раз отмечали, что до суда доходит только 5 процентов уголовных дел, возбужденных по этой статье, причем сами товары никакой опасности не представляют, а нарушение носит исключительно фискальный характер.

Сегодня же многие наши предприниматели сетуют на то, что согласно действующему законодательству должностное лицо, в том числе эксперт, при оценке товара и выявлении признаков контрабанды интерпретируют его стоимость таким образом, что они подпадают под действие как Кодекса Республики Казахстан об административных правонарушениях, так и Уголовного кодекса. Это недопустимо, так как создается почва для коррупционных правонарушений.

В этом вопросе нужна четкая позиция Генеральной прокуратуры и других государственных органов.

Предприниматели предоставляют информацию о том, что при поступлении ТНП на территорию Республики Казахстан из-за границы у получателя товара в случае непреднамеренной ошибки при декларировании, в том числе по вине зарубежных поставщиков, сразу может наступить уголовная ответственность. В этом случае к уголовной ответственности могут быть привлечены и признаны организованным преступным сообществом все лица, которые имели отношение к оформлению этого груза.

На основании изложенного фракция «Ақ жол» просит следующее:

- 1) указать причины невыполнения международных обязательств, взятых в рамках ратифицированного Парламентом договора от 8 декабря 2011 года;
- 2) рассмотреть возможность декриминализации преступления в части, касающейся товаров народного потребления, по статье 234 Уголовного кодекса Республики Казахстан;
- 3) рассмотреть возможность введения нормы – в случае выявления нарушения таможенного законодательства по ТНП привлекать виновное лицо к финансовой ответственности в доход государства.

С уважением, фракция ДПҚ «Ақ жол».

ТӨРАҒА. Спasiбo.

Сөз Магеррамов Магеррам Мамедовичке берiледi.

МАГЕРРАМОВ М.М. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Депутатский запрос адресован заместителю Премьер-Министра Тугжанову.

«Данный депутатский запрос касается детей и взрослых с инвалидностью с подтвержденным психоневрологическим диагнозом, которым требуется оказание стоматологической помощи.

Многие родители жалуются на низкое качество стоматологического лечения в государственных поликлиниках и совсем малый спектр оказания стоматологических

услуг. По этой причине родителям приходится обращаться в частные клиники, где такие услуги стоят очень дорого, и не каждая семья может это себе позволить. Из-за этого порой родители вынуждены выезжать в приграничные районы России для лечения зубов своих детей. Нередко для лечения детей родителям приходится брать кредиты или влезать в долги.

К тому же не всегда специалисты стоматологии хотят брать на себя ответственность за лечение таких больных. К примеру, для проведения МРТ для детей с данными диагнозами отсутствует такой безопасный наркоз, как «Севоран», а такая услуга, как фторизация зубов, вообще не предоставляется.

При лечении в рамках ОСМС используется пломба только химического отверждения, которое занимает 10-15 минут, из-за чего удлинняется время проведения наркоза.

Поэтому мы предлагаем внести изменения в тарификатор медицинских услуг, чтобы при лечении особенных детей использовать пломбы светового отверждения, так как время затвердевания световых пломб составляет 20-40 секунд и эти пломбы имеют высокую прочность, в отличие от химических.

Взрослым людям с инвалидностью согласно Приказу Министерства здравоохранения от 21 сентября 2020 года «Об утверждении перечня отдельных категорий населения, подлежащих экстренной и плановой стоматологической помощи» бесплатно в рамках ОСМС оказывается только экстренная помощь.

Взрослые с установленной инвалидностью с психоневрологическим статусом анестезиологическое пособие, лечение и удаление зубов проводятся только в плановом порядке и на платной основе. Поэтому предлагаем ввести данную категорию лиц в вышеуказанный приказ в плановом порядке в рамках ОСМС, то есть бесплатно.

Обращаем также внимание на существующую проблему бюрократических проволочек. Приказы, которые Министерство здравоохранения должно своевременно отдавать для утверждения перечня отдельных категорий населения, подлежащих экстренной и плановой стоматологической помощи, связанной с манипуляциями, проводимыми для лечения детей с инвалидностью, инстанции ждут до полугода. В результате государственные медицинские учреждения не могут заключать договоры с поликлиниками для оказания бесплатных стоматологических услуг. Из-за этого создаются большие очереди на лечение с записью на год вперед, а дети вынуждены страдать от зубной боли.

На основании вышеизложенного просим принять срочные меры для решения указанных проблем.

Хотим напомнить, что дети с вышеперечисленными заболеваниями так же, как и другие дети, испытывают болевые ощущения и нуждаются в лечении.

Ответ на депутатский запрос просим дать письменно.

С уважением, депутаты фракции Народной партии Казахстана».

ТӨРАҒА. Спасибо.

Сөз Нұрманбетова Жәмілә Нұсіпжанқызына беріледі.

НҰРМАНБЕТОВА Ж.Н. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Біздің депутаттық сауал Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Смайыловқа жолданады.

«Құрметті Әлихан Асханұлы! Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі іске қосылғанда сақтандырылған азаматтың қажетті деңгейде медициналық көмек алатынына кепілдік берілген.

Соған қарамастан баяғыдан келе жатқан проблемалық мәселелер әлі шешімін таппай отыр. Мысалы, азаматтар консультациялық-диагностикалық қызметтер алу үшін немесе жоспарлы емдік шараларды қабылдау үшін ұзақ күтуге мәжбүр, тіпті жарналарды тұрақты төлесе де, сақтандырылған тұлғаның мәртебесі расталса да азаматтың «осында және қазір» қағидаты бойынша көмек алуына кепілдік жоқ.

Басқасын айтпағанда, медициналық ұйымдардың өз арасында ақпараттық жүйе интеграциясы аяқталған жоқ. Қазір медициналық сақтандыруға қатысушылардың жалпы саны 15,5 миллион адам, оның 60 пайызын жеңілдік санатындағы азаматтар құрайды, олардың жарнасын мемлекет төлейді. Сонда еліміз бойынша 3,8 миллион адам медициналық сақтандыруға қатыстырылмаған. Бұл өзін-өзі жұмыспен қамтығандар санатындағы азаматтар, салықты да, міндетті төлемдерді де төлемей отырғанын көрсетеді.

Өздеріңіз білесіздер, жарналарын толық және уақытылы төленуін бақылау мемлекеттік кірістер органдарына жүктелген, бірақ олар мәселеге немқұрайлы қарауда.

Сондай-ақ қор қаражатын басқарудың төмен екені жасырын емес. Бүгінде қор медициналық сақтандырумен қатар тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі бойынша Медициналық қызметтер пакетінің де әкімшісі болып саналады.

Қор төлемдер, есептер, талқылаулар және өздеріне қатысы жоқ басқа да функциялармен айналысуда. Түскен қаражаттың барлығын Әлеуметтік медициналық сақтандыру қоры бөледі. Қызметтердің сапасын бағалайтын да, шағымдарды қабылдайтын да солар. Онда олардың медициналық қызметтер тізімін кеңейту мен сапасын арттыруда маңызды рөлі қалай болмақ?

Осы айтылғандарды ескере отырып:

1) қысқа мерзімде қордың барлық қызметін артық функциялардан босатып, оны трансформациялау;

2) медициналық ұйымдарды әкімшілендіруді оңайлату және қаржы түсімдерінің ашықтығын қамтамасыз ету арқылы оларды қаржыландыру тетігін қайта қарау;

3) өзін-өзі жұмыспен қамтығандардың мәртебесін жаңартып, оларды әлеуметтік сақтандыру және зейнетақымен қамсыздандыру жүйесіне де тарту жөнінде шаралар қабылдау керек деп есептейміз.

Құрметпен депутаттар, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшелері Ж. Нұрманбетова, Ж. Омарбекова, Л. Павловец». Рақмет.

ТӨРАҒА. Сөз депутат Сқақова Айжан Амангелдіқызына беріледі.

СҚАҚОВА А.А. Рақмет, құрметті Ерлан Жақанұлы.

Депутатский запрос адресован Первому заместителю Премьер-Министра Республики Казахстан Скляру Роману Васильевичу.

«Красная книга – это список сотни редких и находящихся под угрозой исчезновения животных и растений. Общее цивилизационное значение Красной книги огромно – она служит признанием ответственности за сохранение живой природы и нацеливает человечество на организацию особой опеки над редкими видами, так как иначе они просто перестанут существовать.

В практическом ключе в отличие от большинства красных книг – как мировых, так и национального уровня – Красная книга Казахстана подразумевает не только формирование списка животных и растений, но и автоматическое возникновение их законодательной защиты, своего рода презумпцию запрета добывания.

Из-за этого наша Красная книга является юридически значимым документом, практическим руководством и инструментом для защиты редких видов. Этим национальная Красная книга выгодно отличается от подобных изданий других стран, где внесение вида в список не означает, что государство берет его под охрану.

Однако есть проблемы, требующие своего решения.

Во-первых, краснокнижные списки должны пересматриваться через определенное время, а именно – через 10 лет. С момента выхода последнего издания нашей Красной книги прошло уже 14 лет, новое издание существенно запаздывает. Накоплено значительное количество новых данных, появилась необходимость пересмотра списка видов, критериев природоохранного статуса в соответствии с международными стандартами.

Изменились научные таксономические подходы и условия обитания животных под воздействием антропогенных и климатических факторов.

Необходим научный анализ, требуется проведение исследований по выяснению современного состояния популяций животных, внесенных в Красную книгу и по которым существует дефицит информации.

Во-вторых, сама Красная книга нуждается не только в обновлении, но и в доработке, в частности, по беспозвоночным животным. С 1978 года Красная книга Казахстана пережила четыре издания. С каждым изданием списки обновлялись, но последнее издание, к сожалению, содержало только первую часть по беспозвоночным животным, а вторая часть так и не была разработана.

Исходя из вышеизложенного, депутаты Народной партии Казахстана считают необходимым и предлагают:

1) осуществить целевую научно-техническую программу, направленную на подготовку и издание Красной книги Республики Казахстан (том 1 «Животные»), а также создать информационный веб-портал для публичного использования;

2) в рамках программы создать электронную базу – актуальный список редких и исчезающих видов животных Красной книги Казахстана, усовершенствовать нормативно-законодательную базу по ведению национальной Красной книги, внедрить систему научно обоснованного мониторинга состояния популяций редких и исчезающих видов диких животных на основе использования современных методик.

С уважением, депутаты фракции Народной партии Казахстана».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз Ерубает Серік Сәрсенұлына беріледі.

ЕРУБАЕВ С.С. Рақмет, Құрметті Ерлан Жаханұлы.

Құрметті депутаттар! «Ақ жол» фракциясының депутаттық сауалы Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің бірінші орынбасары Склярға.

«Маңғыстау өңірінде сайлаушылармен кездесу барысында Каспий теңізіндегі сауда флотында қазақстандық азаматтарды жұмыспен қамту мәселесі бойынша сұрақтар көтерілді.

Каспий теңізі жағасында орналасқандығына қарамастан ұзақ уақыт бойы Қазақстанның өз флоты болмады. Соңғы 20 жыл ішінде Қазақстан Каспийде өзінің жаңа флотын құрып, көлік нарығында тәуелсіз ойыншы болуға ұмтылуда.

Бүгінгі күнде Теңіз кемелері тізілімінде 300-ге жуық кеме бар (баржалар, буксирлер, мұзжарғыштар, авариялық-құтқару кемелері). Оның ішінде 171 кеме Қазақстан иелігінде, Қазақстан туының астында жүзуге уақытша рұқсат алған 101 шетелдік кемені қазақстандық заңды тұлғалар жалға алған. Танкерлік флотта 8 танкер, соның ішінде 100 мың тоннадан артық тасымалдаушы 2 кеме бар.

2002 жылғы «Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы» Заңның 25-бабына сәйкес Қазақстанның Мемлекеттік туын көтеріп жүзетін кеме экипажының құрамына шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға кіруге мүмкіндік берілген. Сонымен қатар шетелдіктерге кеме капитаны, капитанның аға көмекшісі (старпом) және аға механик қызметін атқаруына шек қойылған.

Бірақ бұл заңның күші Ішкі істер, Көлік және коммуникация, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлерінің 2006 жылғы бірлескен бұйрықтарымен тоқтатылып, шетелдік азаматтарға капитан болу құқығы берілген.

2010 жылы ғана аталған 25-баптың қолданысқа ену мерзіміне 2025 жылға дейін заң деңгейінде мораторий жарияланған.

Тағы бір атап өтетін жайт. 2001 жылы Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысымен Сауда мақсатында теңізде жүзуді дамыту концепциясы қабылданған болатын. Осы концепцияда сауда теңіз флотына басқарушы құрам және кеме жүргізушілердің кеме механиктерінің және тағы да басқа жоғары білікті кадрлары қажет екендігі, олардың білімдерін жетілдіру және тәжірибемен алмасу үшін көшбасшы порттар мен арнайы оқу орындарына жіберу, сондай-ақ білім беру жүйесінде тиісті факультеттерді ашу арқылы теңіз флотының білікті мамандарын даярлау қажеттілігі баяндалып өткен болатын. Алайда жиырма жылдан бері Үкіметтің ресми құжатымен бекітілген концепцияның мақсаттары орындалмай келеді.

Бүгінгі күні Қазақстан теңіз флотына мамандар әзірлейтін халықаралық аккредитациясы бар тек бір ғана оқу орны бар, ол Қазақстан-Британ техникалық университетінің Теңіз академиясы (ҚБТУ). Бірақ кездесу барысында, сайлаушылардың айтуынша, диплом алғаннан кейін ол дипломға қосымша сертификат алу үшін 1 миллион теңгеге жуық қаражат қажет екен. Салыстыра келсек, осындай сертификат Астрахань қаласында біздің ақшаға шаққанда 90 мың теңге тұрады екен.

Қазіргі таңда кемелердегі басқарушы құрамда қазақстандық азаматтардың үлесі тым аз. Капитан бола алатын 78 қазақстандық азамат, 54 старпом, 77 вахталық көмекші

